Өсімдіктің химиялық құрамы өсімдік өскен жер жағдайына, жасына, сортына, тәуліктік, вегетациялық мерзіміне байланысты өзгеріп отырады. Әдетте пісіп жетілген тұқымда құрғақ зат мөлшері көбірек болады [5].

Біздің зерттеулерімізде тыңайтқыштар қолданылған дақылдардың құрғақ зат мөлшері арпа бақылау нұсқасында 88 пайызды құрады.

Арпа+асбұршақ нұсқасының жасыл балаусаның құрғақ зат мөлшері 18,7 пайыз болды.

Арпа+судан шөбі+асбұршақ нұсқасында жасыл балаусаның құрғақ зат мөлшері 23,1 пайызды құрады.

Арпа+асбұршақ нұсқасын бақылау нұсқасымен салыстырғанда жасыл балаусаның құрғақ зат мөлшері 69,30 пайызға азайған.

Арпа+судан шөбі+асбұршақ нұсқасын бақылау салыстырғанда жасыл балаусаның құрғақ

зат мөлшері 64,90 пайызға азайғанын көрсетті.

Жасұнықтың көп мөлшері өсімдіктің қоректілігін төмендетеді. Мал азықтық шөптер неғұрлым ертерек шабылса, соғұрлым онда жасұнық төмен болады.

Шикі жасұнық мөлшеріне келетін болсақ, дән үшін өсірілген бақылау нұсқасы (арпада) шикі жасұнық 33,1% тең болды.

Арпа+асбұршақ нұсқасында жасыл балаусадағы шикі жасұнық 23,71% құрады. Арпа+асбұршақ нұсқасын бақылау нұсқасымен салыстырғанда жасыл балаусадағы шикі жасұнық 33,10 %-ға төмендеген.

Арпа+судан шөбі+асбұршақ нұсқасында жасыл балаусадағы шикі жасұнық 24,7% көрсетті.

Арпа + судан шөбі + асбұршақ нұсқасын бақылау нұсқасымен салыстырғанда жасыл балаусадағы шикі жасұнық 8,40%-ға азайған.

Майлар мал азықтық дақылдарда аз болады (0,1-0,6%). Шикі майлар өсімдік дәнінде көп болады. Бұлар өсімдіктің қоректік заттар ішіндегі ең қуаттысы.

Тыңайтқыштардың әсерінен дақылдар құрамындағы шикі май мөлшері бақылау нұсқасы арпада 3,51г болды.

Арпа+асбұршақ нұсқасында жасыл балаусадағы шикі май 2,45г-ға тең болды. Бұл нұсқаны бақылау нұсқасымен салыстырғанда шикі май мөлшері 1,06г-ға жоғары болды.

Арпа+судан шөбі+асбұршақ нұсқасында жасыл балаусадағы шикі май 2,5г құрады. Бұл нұсқаны бақылау нұсқасымен салыстырғанда шикі май 1,01г-ға жоғары болды.

Шикі күл – өсімдіктің химиялық құрамының негізгі компоненті болып табылады. Ол - органикалық заттарды күйдіру нәтижесінде пайда болады.

Дақылдардың химиялық құрамын талдауда, шикі күл мөлшерінің 3,4-12,4% дейін өзгергені байқалды.

Дән үшін өсірілген арпада шикі күл мөлшері 3,4%-ға тең болды.

Арпа+асбұршақ нұсқасында жасыл балаусадағы шикі күл 12,4% болды.

Арпа+асбұршақ нұсқасын бақылау нұсқасымен салыстырғанда жасыл балаусадағы шикі күл 9%-ға жоғарлаған.

Арпа+судан шөбі+асбұршақ нұсқасында жасыл балаусадағы шикі күл мөлшері 9,5%-ды құрады.

Арпа+судан шөбі+асбұршақ нұсқасын бақылау нұсқасымен салыстырғанда жасыл балаусадағы шикі күл 6,10%-ға көбейген.

Азық үлесіндегі органикалық заттан азотты затты, яғни «шикі» протеинді алады. Протеин – тіршілікке ең қажетті де маңызды қоректік зат тобы. Өсімдік протеині, негізінен, дәнде, гүлде және жапырақтарда жиналады. Тыңайтқыштардың әсерінен шикі протеин мөлшері бақылау нұсқасында 12,7%-ға тең болды.

Арпа+асбұршақ нұсқасында жасыл балаусадағы шикі протеин 17,7 % болды. Бұл нұсқаны бақылау нұсқасымен салыстырғанда жасыл балаусадағы шикі протеин 5 г-ға жоғары болды (3-ші кесте).

3 кесте – Аралас егістегі мал азықтық дақылдардың тыңайтқыштарға байланысты химиялық құрамы, %

№	Тыңайтқыштар	Дақылдар атауы	Құрғақ зат	Шикі жасұнық	Шикі май	Шикі күл	Шикі протеин	АЭЗ
1	N30 P30 (күз) N10 P10 (көктем)	Арпа (дән)	88	33,1	3,51	3,4	12,7	47,29
2	N30 P30 (күз) N10 P10 (көктем)	Арпа+асбұршақ жасыл балауса	18,7	23,71	2,45	12,4	17,7	43,74
3	N30 P30 (күз) N10 P10 (көктем)	Арпа +судан шөбі+асбұршақ жасыл балауса	23,1	24,7	2,5	9,5	16,6	46,70

Арпа+судан шөбі+асбұршақ нұсқасында жасыл балаусадағы шикі протеин мөлшері 16,6% құрады. Бұл нұсқаны бақылау нұсқасымен салыстырғанда жасыл балаусадағы шикі протеин 3,9%-ға жоғарлаған.

Азотсыз экстрактивті заттарға майлар мен көмірсулар жатады.

Мал азықтық дақылдардың тыңайтқыштар көмегімен азотсыз экстрактивті заттар мөлшеріне келетін болсақ, бақылау нұсқасы арпада азотсыз экстрактивті заттар 47,29% тең болды.

Арпа+асбұршақ нұсқасында жасыл балаусадағы азотсыз экстрактивті заттар 43,74% құрады. Бұл нұсқаны бақылау нұсқасымен салыстырғанда азотсыз экстрактивті заттар 3,55%-ға жоғары болды.

Арпа+ судан шөбі + асбұршақ нұсқасында жасыл балаусадағы азотсыз экстрактивті заттар мөлшері 46,70% болды.

Арпа+судан шөбі+асбұршақ нұсқасы бақылау нұсқасына карағанда 0,59% - ға азайғаны байқалды.

Демек, мал азықтық дақылдарға аммиак селитрасы мен қос суперфосфат тыңайтқыштарын енгізу, аралас егістіктегі өнімділікті жоғарлатып қана қоймай, сонымен қатар сапалы өнім алуға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Насиев Б. Н. Возделывание сельхозкультур в смешанных посевах / Б. Н. Насиев // *Зерновое хозяйство*. - 2006. – № 5. – С. 25.

2 Насиев Б. Н. Создание высокопродуктивных агрофитоценозов кормовых культур для решения белковой проблемы в Западно-Казахстанской области / Б. Н. Насиев // *Ғылым және білім*. – 2007. – № 1. – С. 13-16.

3 Жұбатырова С. С. Батыс Қазақстанда дәнді дақылдарға тыңайтқыштар енгізу / С. С. Жұбатырова, В. С. Кучеров, М. А. Габдулов // *«Жаршы»*. - Алматы. – 1999. – № 8. – Б. 71-79

4 Приходько В. Е. Гумусное состояние почв и его изменение за 20 – 25 лет / В. Е. Приходько // *Почвенно – экологические проблемы в степном земледелии.*: Сб. Науч. Тр. РАН. – Пушкино, 1992. – С. 67-79.

5 Сапаров А. С. Пути повышения продуктивности сельскохозяйственных культур и плодородия почв в условиях рынка /А. С. Сапаров, Р. Х. Рамазанова // *Вестник сельскохозяйственной науки*. – 2002. – № 8. – С. 27-28.

РЕЗЮМЕ

В Западно-Казахстанской области в смешанных посевах при применении минеральных удобрений обеспечивается устойчивое содержание нитратного азота и подвижного фосфора почвы, а также повышается кормовая ценность сельскохозяйственных культур.

RESUME

In West Kazakhstan region, in mixed sowings at the use of mineral fertilizers, stable content of nitrate nitrogen and mobile phosphorus of soil is provided, and also forage value of agricultural crops increases.

ӘОЖ 633.2 : 633.3 (574.1)

Б. Н. Насиев, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор,
Г. Н. Маканова, агрономия магистрі,
А. Каменов, Г. Қуаныш, магистранттар,
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ МАЛ АЗЫҚТЫҚ ТАНАПТАРЫНЫҢ КҮЙЗЕЛУІНІҢ КЛИМАТ ЖӘНЕ АНТРОПОГЕНДІК СЕБЕПТЕРІ

Аннотация

Батыс Қазақстан облысының шөлейт аймағындағы шөлге айналу үрдістерінің қарқынды дамуы халықтың шаруашылық іс-әрекетімен тікелей байланысты. Бұл ең алдымен малдың жайылымдық алқаптарға есепсіз жайылуы, мал жаюдың оңтайлы мерзімдерін сақтамау, суарылмайтын егіндіктерде, сондай-ақ жайылымдарда эрозия мен дефляцияға қарсы шаралардың жүргізілмеуі, болымсыз аридтік экожүйелерге техногендік салмақтың түсуі.

Түйін сөздер: жартылай шөлейтті аймақ, күйзелу, антропогендік факторлар, мал азықтық дақылдар.

Әлемдегі адамзаттың қолданысындағы жерлердің 2 миллиард гектары немесе 23%-ы белгілі бір дәрежеде бүлінген. Қуаңшылықты және жартылай қуаңшылықты аудандардағы жерлердің бүлінуі шөлге айналуы деп аталады. Шөлге айналуға басты себептер –адамның іс-әрекеті мен климаттың өзгеруі. Ұдайы даму жөніндегі дүниежүзілік саммит 2002 жылы шөлге айналу жаһандық экологиялық мәселе ғана емес, 21 ғасырдың тұрақты дамуының өзекті мәселелерінің бірі деп таныды. Соңғы 50 жылда бүкіл әлемде ауыл шаруашылығы жерлерінің үштен екісі (2/3) шөлге айналу зардаптарын тартуда. Жерлердің бүлінуі мен шөлге айналуының басты экономикалық зардаптарына ауыл шаруашылығы дақылдары түсімінің және жайылымдардың өнімділігінің төмендеуі, мал басы мен олардың өсіп-өнуінің азаюы, сондай-ақ ауыл шаруашылығының экспорттық мүмкіншіліктерінің қысқаруы жатады [1,2,3].

Шөлге айналумен күресу құрғақ жерлердің ұзақ мерзімді өнімділігін қамтамасыз етудің алғы шарты болып табылады. Қазіргі таңда Батыс Қазақстан облысының оңтүстік аудандарында табиғи алқаптардың жалпы бүлінуі мен шөлге айналуын байқаймыз. Бұл аудандардағы табиғи мал азықтық алқаптар ауыл шаруашылығы малдары үшін азық өндірудің басты көзі болып саналады. Сондықтан да Батыс Қазақстан облысының табиғи алқаптарының жалпы бүлінуі мен шөлге айналу үрдістері мен факторларын анықтау өзекті міндеттердің бірі болып табылады.

Зерттеу мақсаты бүлінген, шөлге айналған мал азықтық алқаптарды іздеп-табу, олардың бүлінуі мен шөлге айналуының деңгейін және соған ықпал ететін факторларды анықтау болып табылады.

Ғылыми жұмыс ҚР Ғж/еБМ ғылым комитетінің гранттық қаржыландыру бағдарламасына сәйкес «Шөлейт аймақтардағы мал азықтық алқаптардың күйзелуі мен шөлге айналу үрдістерін зерттеу» жобасы бойынша жүргізілді (мем. тіркеу № 0112 РК 00507).

Зерттеу нысандары – Батыс Қазақстан облысының шөлейт аймағының мал азықтық алқаптары.

Батыс Қазақстан облысының шөлейт аймағы қатаң табиғи жағдайларымен ерекшеленеді. Климаты шұғыл континентті, күн мен түннің, қыс пен жаздың температуралары күрт алмасады, көктем мерзімі қысқа болғандықтан, қыстан жазға көшу тез жүреді.

Климаттың ерекшеліктерін анықтайтын маңызды факторлардың бірі салқын маусымдардағы Сібір антициклонының батыс беттен келетін қуатты ықпалы болып табылады. Сондықтан да қыста барлық уақыттың 50-60%-ында ауа райының антициклондық режимі тұралап алады, бұл бұлыңғырлық жағдайында ызғарлы радиациялық суықты тудырады.

Бөкейорда ауданы аумағындағы климат шұғыл континентті болып есептеледі. Қыс мезгілдері ұзаққа созылады, салқын әрі қарлы, ауа-райы тұрақсыз, ызғарлы жел соғып, бұлыңғыр

күндер мен аязды күндердің орнына аз ғана уақытқа жылымық келуі мүмкін. Қаңтардағы тәуліктің орташа температурасы -14...-16 градус. Қар 120-130 күн бойы басып жатады.

Көктем жай шығады, созылып кетеді. Қар қабатының қарқынды еруі мен жауын-шашынның мол түсуі су тасқындарына себеп болуы мүмкін. Жазы ұзақ, жылы әрі құрғақ. Қатты тозаңды дауылдар борайды.

Шілдедегі орташа температура +21...+22 градус. Күз көбінесе құрғақ әрі жылы, қазанның ортасынан бастап бұлыңғырлық арта түседі, алғашқы түнгі суықтар түседі. Барлығы күнтізбелік жыл ішінде 350 мм-ге дейін жауын-шашын түсуі мүмкін.

Казталов ауданының бар аумағы Волга сырты далаларының шегінде орналасқан. Климаты шұғыл континенттік, бұл ауданның су массаларынан әжептәуір алыс орналасуына байланысты. Сондай-ақ аумаққа жыл бойы үлкен жел жүктемесі түседі, бұл қысқы мерзімде қатты қарлы борандардың тұруына және жазда ұзаққа созылатын аңызактар мен дауылдардың соғуына себепші болады.

Бұл аудандағы қыс күнтізбелік ұзындыққа сәйкес келеді, қаңтардағы жалпы температура - 15...-16 градусты құрайды, түнде ауа – 38°-ге дейін тіпті одан да төмен суиды. Қар қабаты қараша айының ортасында қалыптасады, 20-25 см-ге дейін жетеді.

Көктем наурыздың алғашқы күндерінен басталып, наурыздың ортасында күн әжептәуір жылынады, күндізгі температура 0-ден асады. Көктемгі кезеңнің басым бөлігінде ауа райы құбылмалы және тұрақсыз болады.

Жаз әдетте жылы әрі құрғақ, кейде тым ыстық. Ауа райы болжамы бойынша шілдедегі орташа температура +22...+24 градусты құрайды. Сирек қысқа мерзімді жаңбырлар жергілікті сипатқа ие. Күз күндері құрғақ әрі жылы, температура біртіндеп суиды, содан соң ауданда желді және бұлыңғыр ауа райы орнығады. Орташа жылдық жауын-шашын нормасы 200-250 мм.

Жаңақала ауданындағы климат шұғыл континентті. Географиялық орны мен мұхиттан едәуір қашықтығы атмосфералық жауын-шашынның аз болуына себепші.

Бұл аумақтағы қыс ұзақ, созылмалы, салқын, қар қабаты берік орнығады.

Қаңтардағы орташа температура -13...-15 градус, түнгі мезгілде ауа -40-қа дейін төмендейді. Қыста қарлы борандар, ұйытқыған желдер көп соғады.

Көктем жай шығады, тез аяқталады. Қар тез еріп кетеді, көктемгі мол жауындардан өзендерде су тасиды.

Жазы ұзақ, жылы әрі құрғақ. Шілдедегі орташа температура +21...+22 градус. Нөсерлері мен жаңбырлары мардымсыз, көбінесе жаздың басында ғана жауады. Соңынан бұлтсыз, құрғақ ауа райы орнығады. Қатты желдерден аңызак пайда болады.

Құмды дауылдар тұруы мүмкін. Күзі көбінесе жылы, ашық. Қазанның ортасынан бастап, ауа райы өзгеріп, бұл ауданға желді және бұлыңғыр ауа көшіп келеді. Барлығы жыл бойына 250 мм жауын-шашын түседі.

Қаратөбе ауданындағы климат шұғыл континентті әрі құрғақ. Қыста да, жазда да қолайсыз температуралардың орнығуы салдарынан ауа райы тұрақсыз.

Атмосфералық жауын-шашынның тапшылығы салдарынан топырақ кеуіп кетеді, жылы мезгілдегі шанды дауылдар мен аңызак желдер әдеттегі құбылысқа айналған. Қыс ұзаққа созылады, қар қабаты қалың болмайды.

Қаңтардағы орташа температура -15...-17 градусты құрайды. Көктем көбінесе бұлыңғыр, желді күндерден құралады, тәуліктік температура қарқындап 0-ден асады. Жазы ұзақ, көбінесе күн шақырайып, қақтап тұрады.

Шілдедегі орташа температура +23...+24 градус. Қысқа мерзімді жаңбырлар тым сирек, ал құрғақ нөсерлер жаз бойы кездесуі мүмкін. Күзде салқын, бұлтты ауа райы тұрақтайды. Жыл бойына бұл аудан аумағына 150 мм жауын-шашын түседі, олардың басым бөлігі көктемде және жаздың соңында орын алады.

Адамның қоршаған табиғат ортасына жағымсыз әсері экожүйелердің биологиялық алуан түрлілігі мен тұрақтылығын жоғалтуынан ғана емес, бүліну үрдістері (эрозия, дефляция, дегумификация, тығыздалу, сортаңдану, т.б.) барысында топырақтың құнарлылығынан айрылуы салдарынан табиғи және антропогендік ландшафттардың өнімділігінің төмендеуінен де көрінеді.

Аумақтың табиғи жағдайлары негізінде адамның шаруашылықты ойластырмай жүргізуі белгілі бір қолайсыз үрдістердің, құбылыстардың дамуына түрткі болады. Шөлге айналу өнімді тұтыну деңгейі оны өндіру деңгейінен асып кеткенде басталады. Бұл көрсеткіштерді үш түрлі жолмен реттеуге болады: өнімді тұтынуды азайту, өндіруді көбейту немесе сырттан көмек алу арқылы. Тұтынуды төмендету үшін халық өсімін реттеу керек, ал өнім өндірісін ұлғайту үшін бүлінген жерлерді жақсарту қажет. Сырттан келетін көмек жергілікті халыққа тек қысқа мерзімге ғана жетеді. Осылайша шөлге айналу үрдістері мен әлеуметтік-экономикалық жағдайлар бір-бірімен тығыз байланысты және бірін-бірі толықтырып тұрады [4,5].

Батыс Қазақстан облысының шөлейт зонасындағы шөлге айналу үрдістерінің қарқынды дамуы халықтың шаруашылық іс-әрекетімен тікелей байланысты. Бұл ең алдымен малдың жайылымдық алқаптарға есепсіз жайылуы, мал жаюдың оңтайлы мерзімдерін сақтамау, суарылмайтын егіндіктерде, сондай-ақ жайылымдарда эрозия мен дефляцияға қарсы шаралардың жүргізілмеуі, болымсыз аридтік экожүйелерге техногендік салмақтың түсуі, т.б.

1975-1992 жылдар аралығында қой шаруашылығы қой жүні өндірісінің табыстылығы мен қой етінің арзандығы арқасында облыстың мал шаруашылығының жетекші саласына айналды. Кеңестік дәуірде мал шаруашылығының ірі қой отарларына негізделген стационарлық кеңшар-ұжымшар формаларына көшу антропогендік сипаттағы шөлге айналу үрдістерін күшейте түсті.

Қой шаруашылығы екпіндей дамып, облыстың кең көлемді жайылымдық және шабындықты алқаптарын басып ала бастады. 1916 жылмен салыстырғанда, қой саны 2,5 есе артып, оның табын құрылымындағы үлесі төңкеріске дейінгі 11,2 %-дан 1988 жылы 25,1 %-ға дейін өсті. Әсіресе қой саны 70-ші жылдардың бірінші жартысында ерекше көбейді (1975 жылы –2849,2 мың бас). 60-80 жылдардан бастап 90-шы жылдардың ортасына дейін ол орташа есеппен 2,0-2,8 миллион басқа жетті [6].

Осы шөлейт зонада біз 1971 – 2012 жылдар аралығындағы қойлардың жайылымдарға түсірген жүктемесінің тербелісін бақылап, оның жайылымдық сыйымдылыққа сәйкестігін анықтай аламыз. XX ғасырдың 70-ші жылдарындағы малды жүйесіз жаю нәтижесінде жайылымдарға сыйымдылығына сай емес, артық салмақ түскен болатын. Артық жүктемелердің салдарынан XX ғасырдың басында аймақтағы құм далалардың біразы өсімдіктен ада, құлазыған тақыршақтарға айналды.

Аймақта күйзелу үрдістері өршеленіп, кезінде құнарлы жайылымдар бүгінде антропогендік сипаттағы шөлге айналып, экологиялық дағдарыс қалыптасты. Біз басқа зерттеушілермен қатар осы оңтүстік далалар мен шөлейттердің шөлге айналу себебі малды есепсіз жаюмен байланысты деп түсіндіреміз (1-ші кесте).

1 кесте – Батыс Қазақстан облысының шөлейт аймағындағы жайылымдардың сапалы пайдаланылуын бағалау, 2012 ж.

Аудандардың атаулары	Жайылым ауданы, мың га	1 га жайылымға түсетін нақты жүктеме, мың шартты мал басы	Қой саны, мың шартты мал басы	Жүктеме нормасының асып кетуі
Бөкейорда	270,3	0,37	99,6	+0,03
Жаңақала	426,9	0,29	125,2	+0,11
Казталов	273,1	0,49	133,3	-0,9
Қаратөбе	151,3	0,40	61,1	0,00
Барлығы	1 121,8	0,37	419,2	+0,03

90-шы жылдардың басында, 2-ші кестеден көріп тұрғанымыздай, жайылымдық мал шаруашылығы құлдырап, мал басы саны күрт азая бастады. Оның үстіне жайылымдардағы нақты мал жүктемесі олардың сыйымдылықтарына сәйкестендірілді, яғни 1 гектар үшін оңтайлы норма 0,4 мал басын құрады. Қазіргі кезде оңтүстік аудандардағы жайылымдардағы мал жүктемесі орнатылған аумақтық нормативтен төмен (2-ші кесте).

2 кесте – Батыс Қазақстан облысының шөлейт аймағындағы 1971-2012 жылдар аралығындағы мал басының өзгеруі мен жайылымдарға түсетін қой жаю жүктемесі

Аудандардың атаулары	Жайылым ауданы, мың га	Жылдар бойынша қой саны, мың мал басы			Қойлардың жүктемесі/га жылдар бойынша		
		1971	2004	2012	1971	2004	2012
Бөкейорда	270,3	398,4	72,9	99,6	1,47	0,27	0,37
Жаңақала	426,9	525,8	115,3	125,2	1,23	0,27	0,29
Казталов	273,1	533,2	110,2	133,3	1,95	0,40	0,49
Қаратөбе	151,3	232,2	42,9	61,1	2,13	0,28	0,40
Барлығы	1 121,8	1 689,6	341,3	419,2	1,51	0,30	0,37

Халықтың орналасу тығыздығы табиғатқа түсетін антропогендік ықпалдың деңгейінің жетекші факторларының бірі. Зерттелетін аумақтағы ауылдың және жалпы халықтың тығыздығы ұдайы өсіп келеді. Қазіргі таңда аудандардың көбі бұл көрсеткіш бойынша шөлге айналуының бірқалыпты және қарқынды деңгейін көрсетіп тұр, бұған аймақта қалыптасқан нақты жағдай дәлел бола алады. АБД (антропогендік ықпал деңгейін) көрсететін тағы бір көрсеткіш ауылдық елді мекендердің тығыздығы болып табылады.

Батыс Қазақстан облысының шөлейт зонасындағы елді мекендердің жалпы саны 2012 жылы 128 болды (3-ші кесте).

3 кесте – Батыс Қазақстан облысының шөлейт аймағындағы елді мекендердің сипаттамасы

Аудандардың атаулары	Елді мекендер саны	Халықтың саны, мың адам	Ауданы, мың шаршы км	Халықтың тығыздығы
	25	16,2	19,2	0,84
Бөкейорда	27	23,7	20,8	1,14
Жаңақала	54	31,5	18,6	1,69
Казталов	22	16,5	10,0	1,65
Қаратөбе	128	87,9	68,6	1,28

Елді мекендердің маңындағы экожүйелер әдетте қарқынды және тым қарқынды бүлінген.

Автокөлік күре жолдары мен жолдардан тұратын жол-көлік желілерінің табиғи экожүйелеріне түсірілетін ықпал негізінен қайтымсыз оқшау-сызықтық бұзылулардан тұрады және өзінің ықпал ету аясында ұдайы өсуге бейім. Электр берілімдері желілері де осындай антропогендік факторлар қатарына жатады, өздерінің құрылымдық ерекшеліктеріне қарай қоршаған ортаға белгілі бір дәрежеде ықпал ете алады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Рассомахин И. Т. Экологическое направление оценки кормовых угодий сухостепной и полупустынной зон Приуралья и Заволжья / И. Т. Рассомахин, В.С. Кучеров, Р.Ж. Кожагалиева // Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана. - 2008. - № 5. -32-35б.
- 2 Le Houerou Н. Н. Ecological management of arid grazing land ecosystem / Н. Н. Le Houerou. IUCN, - 2005. – P. 45-49.
- 3 Бабаев А. Г. Опустынивание в странах Азии: оценка и меры борьбы / А. Г. Бабаев, И. С. Зонн // Проблемы освоения пустынь. – 2003, — № 2. – 10-15б.
- 4 Toma Н. Regional assessment of desertification of the ECWA region / Н. Toma // Baghdad. 2004. – 251 p.
- 5 Харин Н. Г. Актуальные проблемы борьбы с опустыниванием аридных территорий / Н. Г. Харин // Проблемы освоения пустынь. – 1995, – № 1. – 15-25б
- 6 Ахмеденов К. М. Современное состояние земельных ресурсов Западно-Казахстанской области / К. М. Ахмеденов // Наука и образования, - 2010, - №3. - 20-23б.

РЕЗЮМЕ

Деградационные процессы кормовых угодий полупустынной зоны Западно-Казахстанской области напрямую связаны с антропогенными факторами.

К числу основных причин деградации растительности кормовых угодий прежде всего необходимо отнести бесконтрольную пастьбу сельскохозяйственных животных на пастбищах, несоблюдение сроков и приемов пастбищеоборота, несоблюдение мер по защите почв кормовых угодий от дефляции и эрозий, а также техногенный пресс на аридные экосистемы со стороны человека.

RESUME

Degradation processes of fodder grounds of semidesertic zone of West Kazakhstan region are directly connected with anthropogenous factors.

Uncontrolled pasturage of agricultural animals on pastures, not observance of terms and methods of pasture rotation, not observance of measures for protection of soils of fodder grounds against deflation and erosion, and also technogenic press to arid ecosystems from the party of the human is necessary to carry to the number of the main reasons for degradation of vegetation of fodder grounds.

УДК 631.51.021: 633.1 (574.11)

А. А. Предыбайло, магистрант

В. В. Вьюрков, доктор сельскохозяйственных наук

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана, г.Уральск

ГЛУБИНА ОБРАБОТКИ ЗЯБИ ПРИ РЕСУРСОСБЕРЕГАЮЩЕЙ ТЕХНОЛОГИИ ВЫРАЩИВАНИЯ ЗЕРНОВЫХ КУЛЬТУР В СУХОСТЕПНОЙ ЗОНЕ ПРИУРАЛЬЯ

Аннотация

В статье приведены данные по влиянию глубины основной обработки почвы на основные показатели качества зерна исследуемых культур. Было установлено, что изменение глубины основной обработки почвы оказывает существенное влияние на изучаемые параметры.

Ключевые слова: ресурсосберегающая обработка, минимальная обработка, ресурсосбережение, нулевая технология, фенология.

Вопросы о приемах и глубине обработки почвы на всех этапах развития земледелия привлекали особое внимание [1]. К концу позапрошлого столетия установилось мнение о пользе глубокой обработки почвы. В этом усматривали причину лучшего развития хлебов и получения более высокого урожая в засушливые годы.

Одним из первых кто предлагал разрыхлять почву, не оборачивая пласт, был А. Шишкин, который отмечал, что плугом верхние слои оборачиваются вниз, а нижние, в которых необходимо сохранить влагу – наверх, и таким образом почва иссушается еще больше, чем если бы ее не трогали. Утверждение о том, что глубокая пахота повышает урожай, было поколеблено П. А. Костычевым, В. В. Ротмистровым, Н. М. Тулайковым.

В США и Канаде обработка почвы с сохранением пожнивных остатков на поверхности поля как средство борьбы с дефляцией начала применяться с 30-х годов прошлого столетия и нашла широкое применение в зерносеющих районах. При этом в Канаде она оправдала себя в 2-3-польных севооборотах из-за сильной засоренности посевов. Немаловажное значение на накопление влаги при плоскорезной системе обработки оказывает сохранившаяся на

поверхности поля стерня, которая значительно снижает скорость ветра в приземном слое и, тем самым, снижает потери влаги за счет выдувания.

Изучение и внедрение почвозащитной системы земледелия в Казахстане [2] было начато во второй половине XX века. Основу этой системы земледелия составляли следующие элементы агротехники: плоскорезная обработка почвы с сохранением стерни и пожнивных остатков на поверхности поля, зернопаровые севообороты с полем чистого пара (20%), полосное размещение культур и чистого пара, снегозадержание, оптимальные сроки посева и нормы высева семян зерновых культур, возделывание засухоустойчивых и урожайных высококачественных сортов, обязательное внесение фосфорных удобрений в паровое поле под посев пшеницы, борьба с вредными организмами, система специальных противоэрозионных почвообрабатывающих орудий и посевных машин и многое другое. Повышение урожайности и валовых сборов зерна обеспечивалось в основном благодаря более эффективному использованию естественных осадков и почвенного плодородия. Освоение почвозащитной системы земледелия позволило остановить дефляцию, прекратить пыльные бури, повсеместно ввести 4-5-6-польные зернопаровые и зернопаропропашные севообороты вместо бессменных посевов пшеницы, плоскорезную систему обработки почвы взамен вспашки и другие основные положения почвозащитной системы земледелия. Было установлено, что сохранение стерни на поверхности полей дает возможность более эффективно накапливать в почве осенние и зимние осадки и предохранять ее от потерь влаги. Запасы продуктивной влаги весной перед посевом на полях с плоскорезной обработкой оставались выше, чем на отвальной зяби. Вспашка отвальным плугом являлась основной причиной ветровой эрозии в течение всего года. Отступление от разработанных принципов неизбежно приводило к снижению урожая и эффективности отдельных приемов и всей почвозащитной системы земледелия.

Почвозащитная обработка показывает эффективность не только в Казахстане. Исследованиями Оренбургского НИИСХ [3] установлено, что все способы почвозащитной обработки имеют большое преимущество перед глубокой отвальной зябью в накоплении снега и увеличении влагозарядки. Также при почвозащитной технологии затраты труда на 1 га пашни в севообороте уменьшились на 35%, а производство продукции на 1 руб. затрат возросло в среднем на 43%, а в сухие годы в 2,5 раза.

Кроме пожнивно-корневых остатков, почвозащитное влияние оказывает солома зерновых культур, которая также является хорошим органическим удобрением. Однако отмечается [4], что по техническим причинам в настоящее время она практически не используется в данных целях. Считается [5], что наличие на поверхности почвы только стерни очень слабо способствует уменьшению потерь влаги. Но мульчирование за счет разбрасывания соломы во время уборки значительно улучшает водный режим почвы.

Вместе с тем, имеющиеся в научной литературе данные [6] о современном состоянии пахотных почв Казахстана свидетельствуют о недостаточной изученности проблемы ресурсосберегающих технологий обработки почвы в севообороте.

В ранее проведенных исследованиях Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана [7] урожайность яровой пшеницы, второй культуры после пара, в среднем за 1980-1987 гг. находилась на одном уровне (10,4 – 11,3 ц/га), но в отдельные годы способ основной обработки зяби оказывал определенное влияние на продуктивность культуры. Плоскорезная обработка имела преимущество перед вспашкой после предшественника озимая пшеница в 38 % лет, после яровой пшеницы в 25 % лет и один раз после озимой ржи – в 12 % лет. Прибавка урожайности в эти годы достигалась преимущественно за счет улучшения влагообеспеченности растений.

Дальнейшее изучение обработки почвы в течение 7 лет показало одинаковую эффективность изучаемой обработки зяби, и средняя урожайность яровой пшеницы составила по плоскорезной обработке 6,7 ц/га, вспашке - 6,6 ц/га. За это время достоверная прибавка урожайности культуры получена только один раз на фоне плоскорезной обработки. За весь период исследований (15 лет), на примере предшественника озимая рожь, вероятность лет, когда преимущество имеет плоскорезная обработка или вспашка одинаковая - по 13 %.

На урожайность яровой пшеницы, второй культуры зернопарового севооборота, определенное влияние оказывала в отдельные годы глубина основной обработки почвы под

предшественник. В среднем за годы исследований урожайность яровой пшеницы на фоне глубокой основной обработки черного пара под предшественники составила 12,4 – 12,8 ц/га, что на 0,2 – 0,5 ц/га меньше, чем на фоне средней и мелкой обработки почвы, что связано с различным выносом озимыми культурами элементов питания на разных вариантах обработки почвы.

Содержание белка в зерне яровой пшеницы по зяби и его валовой сбор по средним данным практически не зависели от обработки почвы под первую культуру севооборота и соответственно составляли 15,0–15,3 % и 1,9 – 2,0 ц/га. Влияние обработки почвы на содержание белка в зерне яровой пшеницы по зяби отмечено только один раз. В этом случае на фоне глубокой основной обработки почвы по сравнению с мелкой обработкой, показатель снизился на 1 %.

Содержание клейковины в зерне яровой пшеницы по зяби в среднем составило после предшественника озимая рожь – 30,2–30,6 %, после озимой пшеницы – 30–30,8 %. В отдельные годы её больше содержалось на фоне глубокой основной обработки. В другие годы проявилась обратная зависимость, что связано с более высоким выносом элементов питания на формирование прибавки урожая предшественником на глубокой обработке почвы.

Натурная масса зерна в среднем составила 750–754 г/л, что соответствует базисным кондициям на товарное зерно культуры. Влияние глубины основной обработки черного пара на натурную массу зерна яровой пшеницы по зяби не отмечено.

Таким образом, было установлено, что урожайность яровой пшеницы по зяби не зависела от способа основной обработки почвы под предшествующую культуру севооборота, поэтому представляется важным более подробное изучение глубины основной обработки почвы непосредственно под возделываемые в севообороте культуры на фоне одного предшественника при внедрении ресурсосберегающих технологий. Это направление дальнейших исследований изучения обработки зяби под яровые культуры является актуальным и своевременным.

Исследования проводились на темно-каштановой тяжелосуглинистой почве на опытном поле Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана в ТОО «Ізденіс». Почва опытного участка содержит в пахотном слое гумуса 3,1 %, валового азота и фосфора 0,3 и 0,14 %. Обеспеченность подвижными формами азота – повышенная, фосфора – средняя и калия – высокая.

Объекты и методы исследований. Объектами исследований являлись: почвенный покров опытного поля, яровая мягкая пшеница Альбидум 31, яровой ячмень Донецкий 8, сорные растения, сельскохозяйственные машины и орудия.

Схема опыта включала следующие варианты обработки зяби под ранние яровые зерновые культуры:

Опыт I – Глубина основной обработки зяби под яровую пшеницу:

- 1 Без основной обработки почвы.
- 2 Обработка почвы на глубину 6 – 8 см.
- 3 Обработка почвы на глубину 14 – 16 см.

Опыт II – Глубина основной обработки зяби под ячмень:

- 1 Без основной обработки почвы.
- 2 Обработка почвы на глубину 6 – 8 см.
- 3 Обработка почвы на глубину 14 – 16 см.

Повторность четырехкратная. Размер делянки 000 м², учетная площадь – 00 м².

Наблюдения и исследования в опыте проводились по общепринятой методике.

Агротехника. Предшественник озимая пшеница, посеянная по черному пару, убиралась комбайном New Holland с одновременным измельчением и равномерным разбрасыванием соломы по полю. Перед обработкой почвы вносилась компенсационная доза азота из расчета 10 кг д.в. на 1 тонну соломы для создания благоприятных условий ее минерализации. Основная обработка почвы проводилась посевным комплексом Flexi coil ST 820 на глубину 6–8 и 14 –16 см. Один вариант, согласно схеме опыта, был оставлен без основной обработки почвы.

Весной при достижении физической спелости почвы проводилось боронование ЗБЗТУ-1 на глубину 5–6 см. Ячмень и яровая пшеница высевались посевным комплексом Flexi coil ST 820 в оптимальные сроки с рекомендованной в регионе нормой высева на глубину 6–8 см.

Результаты исследований. Оптимальная густота стояния растений является важным фактором формирования продуктивности растений (таблица 1).

Таблица 1 – Густота стояния растений зерновых культур

Вариант	Количество растений, шт./м ²		Полевая всхожесть, %	Сохранность %	Выживаемость, %
	всходы	уборка			
Опыт I – Глубина основной обработки зяби под яровую пшеницу					
Без обработки	140	107	56,0	76,4	42,8
6 – 8 см	156	108	62,4	69,2	43,2
14 – 16 см	152	107	60,8	70,4	42,8
Опыт II – Глубина основной обработки зяби под ячмень					
Без обработки	150	112	60,0	74,7	44,8
6 – 8 см	168	109	67,2	64,8	43,6
14 – 16 см	162	105	64,8	64,8	42,0

Полевая всхожесть культур в условиях года находилась на относительно невысоком уровне и составляла у пшеницы 56,0-62,4 %, ячменя – 60,0-67,2 %. По обеим культурам отмечена закономерность снижения показателя при отказе от основной обработки почвы, а наибольшие значения имели место в варианте с ее глубиной на 6-8 см. Различия в полевой всхожести яровой пшеницы и ячменя связаны, в первую очередь, с агрофизическими свойствами почвы и наличием элементов плодородия: воды и питательных веществ.

Сохранность растений к уборке урожая зависит от условий роста растений и взаимовлияния их друг на друга. В вариантах с невысокой полевой всхожестью сохранность растений к уборке составила 74,7 – 76,4 %, что на 6,0 – 9,9 % больше, чем при основной обработке почвы на различную глубину. Объяснением является лучшая обеспеченность растений почвенными и внешними факторами в более изреженных посевах.

Выживаемость растений к уборке урожая в исследованиях у культур составила 42,0 – 44,8 %. Глубина основной обработки зяби под яровую пшеницу практически не оказывала влияние на показатель, а в посевах ячменя ее увеличение сопровождалось снижением выживаемости растений на 1,2 – 2,8 %.

Развитие растений во многом определяется погодными условиями, складывающимися в весенне-летний период. Значение имеют не только показатели за весь вегетационный период, но и условия протекания отдельных этапов органогенеза и фаз развития растений (таблица 2).

Послепосевной период до появления всходов яровой пшеницы характеризовался засушливой погодой без осадков, поэтому на прорастание растений решающее влияние оказывали запасы продуктивной влаги пахотного и посевного слоя. Продолжительность периода «посев - всходы» составила 6 дней при средней температуре воздуха 15,7⁰С.

От всходов до кущения пшеница вегетировала 10 дней (на варианте без обработки 11 дней). За это время выпало 5,0 мм осадков, а средняя температура воздуха за период составляла 21,4-21,7⁰С.

В критический для развития растений период «кущение - колошение» (продолжительность 13 дней) выпало всего 2,2 мм осадков при температуре воздуха 21,0-22,4⁰С. В таких условиях не образовалась вторичная корневая система и сформировался укороченный колос, что является одной из главных причин низкой урожайности пшеницы.

За 13 дней от колошения до цветения выпало 12,0 мм осадков с повышением температуры относительно предыдущего периода на 1,5-2,9⁰С. Из-за очень высокой средней температуры воздуха (28,4⁰С) во время цветения сформировался колос с небольшим количеством зерен.

На завершающих этапах развития растений (молочная – полная спелость) за 33 дня выпало 34,6 мм осадков, но повышение температуры воздуха в отдельные периоды развития до 26,2⁰С неблагоприятно сказывалось на формировании зерновки. Вегетационный период пшеницы составил 79-80 дней, в это время выпало 53,8 мм осадков при средней температуре воздуха 22,7⁰С и ГТК=0,3.

Таблица 2 – Характеристика межфазных периодов зерновых культур

Вариант	Межфазные периоды	Количество дней	Осадки, мм	t ⁰ C	∑ ⁰ C	ГТК
Опыт I – Глубина основной обработки зяби под яровую пшеницу						
Без обработок	Посев – всходы	6	0	15,7	94,4	0
	Всходы – 3-й лист	6	4,9	21,4	128,6	0,38
	3-й лист – кушение	5	0,1	16,4	82,2	0,01
	Кушение – выход в трубку	5	0	21,0	104,8	0
	Выход в трубку – колошение	8	2,2	22,4	179,6	0,12
	Колошение – цветение	13	12,0	23,9	311,0	0,38
	Цветение – молочная спелость	3	0	28,4	85,3	0
	Молочная спелость – молочно-восковая спелость	13	9,1	23,0	299,8	0,30
	Молочно-восковая спелость – восковая спелость	10	24,3	24,5	245,2	0,99
	Восковая спелость – полная спелость	11	1,2	26,2	288,0	0,04
	Вегетационный период	80	53,8	22,7	1819,9	0,30
6 – 8 и 14-16 см	Посев – всходы	6	0	15,7	94,4	0
	Всходы – 3-й лист	5	4,9	21,7	108,4	0,45
	3-й лист – кушение	5	0,1	16,8	83,8	0,01
	Кушение – выход в трубку	5	0	21,3	106,3	0
	Выход в трубку – колошение	8	2,2	21,9	196,8	0,11
	Колошение – цветение	13	12,0	23,9	311,0	0,38
	Цветение – молочная спелость	3	0	28,4	85,2	0
	Молочная спелость – молочно-восковая спелость	13	9,1	23,0	299,8	0,30
	Молочно-восковая спелость – восковая спелость	10	24,3	24,5	245,2	0,99
	Восковая спелость – полная спелость	11	1,2	26,2	288,0	0,04
	Вегетационный период	79	53,8	22,7	1819,9	0,3
Опыт II – Глубина основной обработки зяби под ячмень						
Без обработок	Посев – всходы	7	0	18,3	109,9	0
	Всходы – 3-й лист	7	18,3	9,6	65,2	2,80
	3-й лист – кушение	7	0	19,6	97,9	0
	Кушение – выход в трубку	6	5,0	19,3	116,0	0,43
	Выход в трубку – колошение	7	0	20,0	140,0	0
	Колошение – цветение	11	10,7	21,3	234,3	0,45
	Цветение – молочная спелость	3	0	23,2	69,6	0
	Молочная спелость – молочно-восковая спелость	11	3,5	26,3	289,1	0,12
	Молочно-восковая спелость – восковая спелость	11	8,2	23,1	254,4	0,32
	Восковая спелость – полная спелость	12	24,3	24,4	317,2	0,76
	Вегетационный период	82	70,0	21,1	1693,6	0,41
6 – 8 и 14-16 см	Посев – всходы	7	0	18,3	109,9	0
	Всходы – 3-й лист	6	18,3	11,8	53,0	3,45
	3-й лист – кушение	6	0	18,4	110,2	0
	Кушение – выход в трубку	5	5,0	20,5	102,7	0,48
	Выход в трубку – колошение	7	0	18,6	130,1	0
	Колошение – цветение	11	10,7	21,9	241,2	0,44
	Цветение – молочная спелость	4	0	19,3	58,0	0
	Молочная спелость – молочно-восковая спелость	11	3,5	26,7	294,0	0,11
	Молочно-восковая спелость – восковая спелость	11	8,2	22,6	348,8	0,23
	Восковая спелость – полная спелость	12	24,3	20,6	264,4	0,91
	Вегетационный период	80	70,0	20,6	1712,3	0,41

Вегетационный период ячменя на фоне без основной обработки составил 82 дня, а по другим вариантам – 80 дней. За это время выпало 70 мм осадков, что на 16,2 мм больше, чем

при выращивании яровой пшеницы. На вариантах с обработкой почвы на различную глубину средняя температура воздуха составила 20,6⁰С, а при отказе от основной обработки почвы была на 0,5⁰С больше за счет удлинения вегетации. За время вегетации ячменя (по всем вариантам) ГТК=0,41. В наиболее ответственные фазы развития растений ячменя прослеживалась аналогичная закономерность, как и в посевах яровой пшеницы, с некоторыми расхождениями в абсолютных значениях рассматриваемых показателей.

Основная обработка почвы оказывала влияние на урожайность яровой пшеницы (таблица 3).

Таблица 3 – Структура урожая, урожайность и качество зерна яровой пшеницы и ячменя

№	Показатель	Опыт I – Глубина основной обработки зяби под яровую пшеницу			Опыт II – Глубина основной обработки зяби под ячмень		
		без обработки	6 – 8 см	14 – 16 см	без обработки	6 – 8 см	14 – 16 см
1	Количество продуктивных стеблей, шт./м ²	110	148	133	145	133	138
2	Масса 1000 зерен, г	34,2	35,1	34,9	37,0	38,0	37,1
3	Озерненность колоса, шт.	6,6	6,5	7,0	6,5	6,4	6,6
4	Урожайность, ц/га	2,48	3,38	3,25	3,49	3,23	3,38
5	Клейковина, %	38	41	42	-	-	-
6	Число падения	340	318	348	-	-	-
7	Натура, г/л	778	774	769	582	613	549
8	Стекловидность, %	97	95	97	-	-	-

Урожайность яровой пшеницы по обработанной зяби на глубину 14 – 16 и 6 – 8 см составила 3,25 – 3,38 ц/га, что на 0,77 – 0,90 ц/га больше по сравнению с нулевой основной обработкой почвы. Прибавка урожайности получена в основном за счет количества продуктивных стеблей и в меньшей степени – от массы 1000 зерен. По количеству зерен в колосе несколько выделялся в большую сторону вариант с глубиной обработки зяби 14 – 16 см.

При обработке зяби на глубину 6 – 8 и 14 – 16 см по сравнению с нулевой, количество клейковины увеличивалось на 3,0 – 4,0 %, а натура снижалась на 4 – 9 г/л. Стекловидность по всем изучаемым вариантам обработки почвы (95 – 97 %) значительно превышала базисные кондиции, которые составляют для пшеницы 70 %. Число падения изменялось от 318 (6 – 8 см) до 348 (14 – 16 см).

Урожайность ячменя по изучаемым вариантам обработки была в пределах наименьшей существенной разницы в опыте и находилась в пределах 3,23-2,49 ц/га. Количество продуктивных стеблей было больше на необработанной зяби, масса 1000 зерен и натура – при обработке почвы на глубину 6 – 8 см.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Данилов Г. Г. Система обработки почвы / Г. Г. Данилов, И. Ф. Каргин, Н. С. Немцев. – М.: Россельхозиздат, 1982. – 268 с.
- 2 Бараев А. И. Избранные труды в 3-томах / А. И. Бараев. – Алматы: Ғылым, 2008. – Т. 1. – 390 с.
- 3 Диденко В. Н. Плодородие почвы в зернопаровых севооборотах короткой ротации в Оренбургском Предуралье / В. Н. Диденко, А. В. Кашеев // Известия Оренбургского государственного аграрного университета. – 2011. – № 3 (31). – С. 58-60.
- 4 Митрофанов Д. В. Повышение плодородия почвы и пути его сбережения на черноземах южных Оренбургского Предуралья / Д. В. Митрофанов // Известия Оренбургского государственного аграрного университета. – 2012. – № 5 (37). – С. 27-30.
- 5 Бакиров Ф. Г. Влияние способов обработки почвы, соломенной мульчи и препарата Байкал Эм-1 на урожайность яровой пшеницы в условиях Южного Урала // Ф.Г.Бакиров,

А.В.Коряковский // Известия Оренбургского государственного аграрного университета. –2012. – № 5 (37). – С. 50-52.

6 Елешев Р. Е. Земледелие зоны сухой степи Западного Казахстана / Р. Е. Елешев, В. С. Кучеров, Б. Н.Насиев. – Уральск, 2007. – 235 с.

7 Вьюрков В. В. Севообороты, обработка и воспроизводство плодородия в почвозащитном земледелии Приуралья / В. В. Вьюрков. – Уральск : Западно-Казахстанский ЦНТИ, 2006. – 70 с.

ТҮЙІН

Мақалада топырақты негізгі өңдеу тереңдігінің зерттелінетін дақылдар дәні сапасының негізгі көрсеткіштеріне әсері бойынша деректер келтірілген. Топырақты негізгі өңдеу тереңдігін өзгерту зерттелінетін параметрлеріне едәуір әсер ететіні анықталды.

RESUME

The article presents the data on the effect of the depth of primary tillage on the main indicators of the quality of grain crops under study. It was found that modifying the main tillage depth has a significant impact on the studied parameters.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҒЫЛЫМДАРЫ ЗООТЕХНИЯ

ӘОЖ 636.3:637.5

Л. М. Мамбетова, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты
К. Б. Тлегенова, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты
«Оңтүстік-Батыс мал және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС,
Шымкент қ.

ҚАРАКӨЛ ТОҚТЫЛАРЫНЫҢ ӨСІРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ӨСУ КЕЗЕҢДЕРІНДЕГІ ДЕНЕ БІТІМІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Аннотация

Мақалада өсіп-дамуы әртүрлі қаракөл тоқтыларының өсу кезеңдеріндегі дене бітімі өлшемдері, өсу коэффициенті мен индекстері туралы мағлұматтар берілген. Қаракөл тоқтыларының өсіп-жетілуі барысында дене бітімдерінің өзгерістерін зерттеу нәтижелері қозылардың жас кезіндегі дене бітімдерінің кемшіліктері біртіндеп тегістеліп, өсе келе қалпына келетінін көрсетті.

Түйін сөздер: Қаракөл тоқтылары, әр түрлі өсіп-дамуы, дене бітімі өлшемдері.

Ересек болғанда мол да сапалы өнім беретін мал дене тұлғасының кемістігі жоқ, жақсы жетілген малдардан шығатынын ескеріп, қаракөл шаруашылығының белгілі ғалымдары И. Н. Дьячков [1], М. А. Кошевой [2], М. А. Ширинский [3], К. Е. Елемесов [4], Х. И. Укбаев [5] малдың дене тұлғаларын зерттеу мен анықтауға айтарлықтай көңіл бөлген. Негізінен бұл көрсеткіш мал тұқымын асылдандыруда дене құрылысының ерекшеліктері мен денсаулығының белгісі ретінде пайдаланылады. Оның үстіне малдардың дене бітімдерінің өзгерістері белгілі бір уақыт арасындағы олардың өсуі мен жетілуін көрсететіні белгілі.

Өсіп-дамуы әртүрлі тәжірибе топтарындағы қаракөл тоқтыларының өсу кезеңдеріне байланысты дене бітімдерінің өлшемдері 1-ші кестеде көрсетілген.

Алынған мәліметтерден бақылау және тәжірибе тобындағы өсіп-дамуы қалыпты қозылардың енесінен ажыратылардағы (4 айлық кезінде) дене тұрқының өлшемдері бойынша айтарлықтай айырмашылығы болмағаны байқалады. Көрсетілген мезгілдегі қаракөл қозылары шоқтығы биіктігінің орташа мөлшері 63,73 см, жамбас тұсындағы биіктігі 64,65 см, дене тұрқының ұзындығы 66,47 см, кеудесінің кеңдігі 14,75 см, кеудесінің тереңдігі 23,98 см, кеудесінің орамы 75,71 см және сирағының орамы 7,48 см шамасында болып, тәжірибе топтарындағы өспірім малдар дене бітімдері бойынша ұқсас болғаны анықталды. Ал өсіп-дамуы бойынша артта қалған қозылардың енесінен ажыратылардағы дене тұрқының көрсеткіштері өсіп-дамуы қалыпты қозылардан шоқтығының биіктігі бойынша 57,34 см, немесе 6,39 см (11,14%), жамбас тұсының биіктігі бойынша 57,90 см, немесе 6,75 см (11,66%), дене тұрқының ұзындығы бойынша 58,78 см немесе 7,69 см (13,08%), кеудесінің кеңдігі бойынша 12,32 см, немесе 2,43 см (19,72%), кеудесінің тереңдігі бойынша 21,60 см, немесе 2,38 см (11,02%), кеудесінің орамы бойынша 69,40 см, немесе 6,31 см (9,09%) артық болып, сирақ орамы бойынша (7,48 см) өзгерісі болмағанын байқауға болады.

Шөл жайылымдарындағы қаракөл тоқтыларын өсіру барысындағы табиғи және малазықтық жағдайлары қиын кезеңдерге әртүрлі деңгейде қосымша азықтандыру өспірім малдардың бір жасар кезіндегі дене бітімдерінің қалыптасуына біршама жақсы әсер ететіні анықталды. Тәжірибе топтарындағы тоқтылардың қосымша азықтандырылмай өсірілген (бақылау тобы) малдардан денесінің биіктігі мен тұрқының ұзындығы өлшемдері бойынша артықшылығы сәйкесінше 0,78 және 1,04 см шамасында болды. Қиын кезеңдерде нормаға

сәйкес қосымша азықтандырылған малдардың кеудесінің кеңдігі мен тереңдігінің артықшылығы сәйкесінше 2,42 және 2,57 см құрап, бір жасарыда дене тұлғасы жақсы жетілген малдар өсіруге болатынын көрсетті.

Дене бітімдерінің өлшемдерін зерттеу нәтижелері қаракөл тоқтыларын толыққұнды азықтандыру әсіресе өсіп-дамуы жөнінен артта қалған өспірім малдарға қажет екенін көрсетті. Сонымен қатар алынған мәліметтерден шөл жайылымдары жағдайында бағылған бақылау тобындағы бір жасар тоқтылардың дене бітімдерінің негізгі өлшемдері олардың төрт айлық кезіндегі көрсеткіштерінен шамалы ғана айырмашылығы болғанын көруге болады. Бұл жағдай шөл аймағы жайылымдарында өсірілген қаракөл тоқтыларының тірілей салмақтары сияқты дене бітімдерінің де енесінен ажыратылғаннан келесі жылдың көктеміне дейін өзгеріссіз болатынын дәлелдейді (1 кесте).

1 кесте – Тәжірибедегі тоқтылардың дене бітімдерінің өлшемдері, см

Дене бітімдерінің өлшемдері	Өсіп-дамуы қалыпты өспірім малдар		Өсіп-дамуы бойынша артта қалған өспірім малдар	
	бақылау тобы	тәжірибе тобы	бақылау тобы	тәжірибе тобы
Енесінен ажыратыларда (4 айлық жаста)				
Шоқтығының биіктігі	63,66±0,35	63,85±0,33	57,40±0,68	57,28±0,37
Жамбасының биіктігі	64,73±0,31	64,97±0,29	57,82±0,33	57,98±0,24
Денесінің ұзындығы	66,20±0,38	66,75±0,35	58,60±0,27	58,96±0,21
Кеудесінің кеңдігі	14,76±0,20	14,75±0,51	12,30±0,09	12,35±0,08
Кеудесінің тереңдігі	23,96±0,16	23,98±0,22	21,55±0,11	21,65±0,11
Кеудесінің орамы	75,66±0,44	75,62±0,44	69,30±0,16	69,50±0,31
Сирағының орамы	7,51±0,04	7,48±0,04	7,50±0,13	7,45±0,04
1 жасарында				
Шоқтығының биіктігі	63,98±0,2	64,76±2,0	58,93±0,34	62,01±0,33
Жамбасының биіктігі	64,95±0,28	65,93±0,38	59,63±0,32	62,53±0,44
Денесінің ұзындығы	66,61±0,99	67,65±0,36	61,88±0,36	64,53±0,44
Кеудесінің кеңдігі	16,98±0,01	19,40±0,07	14,28±0,11	17,35±0,13
Кеудесінің тереңдігі	25,96±0,19	28,53±0,27	23,45±0,38	26,28±0,31
Кеудесінің орамы	76,21±0,11	77,18±0,34	70,13±0,17	72,10±0,35
Сирағының орамы	8,45±0,07	8,71±0,04	8,13±0,04	8,31±0,05
1,5 жасарында				
Шоқтығының биіктігі	65,30±0,35	71,28±0,40	62,16±0,31	65,20±0,40
Жамбасының биіктігі	66,28±0,32	72,70±0,42	62,66±0,42	65,71±0,44
Денесінің ұзындығы	68,23±0,37	74,68±0,40	65,15±0,33	68,90±0,27
Кеудесінің кеңдігі	18,95±0,16	21,01±0,15	17,85±0,18	19,15±0,16
Кеудесінің тереңдігі	29,05±0,19	32,88±0,24	27,56±0,22	30,45±0,22
Кеудесінің орамы	80,06±0,21	97,66±0,40	77,61±0,36	82,43±0,47
Сирағының орамы	9,53±0,18	9,63±0,07	9,40±0,09	9,40±0,02

Жүргізілген зерттеу жұмыстары енесінің бауырындағы кезде өсіп-дамуы жөнінен артта қалған қозыларды қиын кездерде нормаға сәйкес қосымша азықтандырғанда олардың дене бітімдерінің өлшемдері айтарлықтай мөлшерде жоғарылайтынын көрсетті. Мысалы, тәжірибе тобындағы бір жасар ұрғашы тоқтылар шоқтығының биіктігі 62,01 см, бақылау тобындағы малдардың осындай көрсеткіші 58,93 см құрап, 3 см аса (5,23%) биік болатыны анықталды. Осындай артықшылық дене өлшемдерінің негізгі көрсеткіштері: дене тұрқының ұзындығы бойынша 2,65 см (4,28%), кеудесінің кеңдігі мен тереңдігі бойынша сәйкесінше 3,07 см (21,50%) және 2,83 см (12,07%), кеудесі мен сирағының орамдары бойынша 1,7 см (2,81%) және 0,18 см (2,21%) шамасында болатыны анықталды.

Тәжірибе топтарындағы 1,5 жасар тұсақтардың алғашқы күйекке түсер кезіндегі дене бітімдерінің өлшемдерін анықтау нәтижелері өспірім малдар көктемгі-жаз айларының ауа райы және жайылым жағдайларының қолайлы кезеңдерінде жақсы жетілетінін, әсіресе қосымша азықтандыру деңгейі жоғары болған тәжірибе тобындағы тұсақтардың бақылау тобындағылардан артықшылығы айқын жоғары болатынын көрсетті. Кестеде көрсетілген мәліметтерден мұндай артықшылық шоқтығының биіктігі бойынша 6,48 см (9,92%),

жамбасының биіктігі бойынша 6,42 см (9,69%), дене тұрқының ұзындығы бойынша 6,45 см (9,45%), кеудесінің кеңдігі мен тереңдігі өлшемдері бойынша сәйкесінше 2,06 см (10,87%) және 3,83 см (13,18%), кеудесі мен сирағының орамдары бойынша 17,6 см (21,98%) және 0,10 см (1,05%) жоғары болатынын көрсетті.

11 наурызда облыстық Қазақ комитеттері Семейде (төрағасы Р.Мәрсеков) және Омбыда (төрағасы Е.Итбаев), ал осы айдың соңына қарай Алматыда (төрағасы И.Жайнақов) жұмыс жасай бастайды. Семей облыстық қазақ съезінің хаттамасында Қазақ комитетінің құрылуына байланысты «комитет ескі, шіріген билік құлап, енді халықтың өзіне тез ревалюция жеңістерін бекітіп және оны аяғана жеткізу үшін ұйымдасу қажет болған кезде ревалюциялық төңкеріс жолымен пайда болды», - деп көрсетілді. Ал комитеттің негізгі міндеті қазақ жұртының күшін біріктіріп жолға салу, жаңа биліктің ел басқару ісін нығайту, халыққа болып жатқан өзгерістерді уақытында жеткізіп, күнделікті туып отырған түрлі мәселелерді шешуге жұмылдыру еді.

Наурыз айының ортасына қарай Торғай облыстық Азаматтық комитеті құрылып, оның құрамына енгендердің арасында А.Байтұрсынов, Н.Бегімбетов, С.Кәдірбаев және М.Тұнғачин бар еді. Комитет Торғай облысы азаматтарына үндеу қабылдап, онда жергілікті жерлерде тәртіп сақтау қажеттігін, соғысты жеңіске жеткенге дейін жүргізу үшін үкіметке көмек беру керектігін айтып «сословиелік, таптық, партиялық және діни қырқысуға» шек қоюға шақырды [4].

1917 жылдың көктем және жаз айларында қоғамдық өсу және нақты өзгерістерді күту барысында қазақ ұлтының маңызды саяси және әлеуметтік– экономикалық талаптарын қалыптастырған және олардың топтасуына, әлеуметтік тіректерінің кеңеюіне әкелген облыстық қазақ съездері өткізілді. Анағұрлым ірілері I Торғайлық (Орынбор, 2-8 сәуір, 300 делегаттан астам, төрағасы А.Байтұрсынов), I Жетісулық (Верный, 12-13 сәуір, 81 делегат, төрағасы И.Жайнақов), I Оралдық (Орал, 19-22 сәуір, 800 делегаттан астам, төрағасы Ж.Досмұхамедов), Омбылық (Омск, 25 сәуір – 5 мамыр, 150 делегатқа жуық, төрағасы А.Тұрлыбаев) съездер болды. Торғай съезіне сондай-ақ Ақмола, Семей, Сырдария облысының, Бөкей Ордасының делегаттары қатысқан.

Бұл жиындар жаңа билікті қолдап, соғыстың жеңіске жеткенге дейін жалғасуын, жергілікті басқару жүйесін жоюды және земстваны енгізуді, ана тілінде жалпыға бірдей ақысыз білім беруді, тұрғындардың діни қажеттіліктерін қанағаттандыруды талап етеді. Олардың шешімдерінде жер мәселесі ерекше орын алған. Құрылтай жиналысының шешімдері негізінде қазақтардың өздерін жерге орналастырғаннан кейін ғана жерлерді алуды, оған дейін қоныстанушылар иемденбеген жерлерді тез арада қайтаруды ұсынған [5]. Міне, елдегі демократиялық өзгерістерге орай ұлт-зиялылары қазақ елін басқарудың тиімді жолдарын қарастыра бастаған. Мәселен, қазақ комитеттерінің құрылуы ұлттық мемлекеттік тәуелсіздікке жетудің бір амалы болса, қазақ съездері қоғамдағы кезек күттірмейтін мәселелерді талқылайтын жиынға айналған еді. Бұл жағдай қазақ жастарының да саясат сахнасына шығып, қазақ халқының саяси-құқықтық, мәдени-ағартушылық қажеттіліктерін жүзеге асыру мақсатында қоғамдық ұйымдарға топтасуына ықпал етті.

Қазақстанның барлық облыстарынан дерлік өкілдері қатысқан бірінші Жалпықазақтық съезд Орынбор қаласында 1917 жылы 21-26 шілде аралығында өтті. Күн тәртібінде 14 мәселе болды. Олар: мемлекеттік басқару жүйесі; қазақ облыстарының автономиясы; жер мәселесі; халық милициясын құру; земство; халыққа білім беру; сот; рухани-діни мәселелер; әйелдер мәселесі; құрылтай жиналысын шақыру және қазақ облыстарында оның сайлауына әзірлік; бүкіл ресейлік съезі; қазақ саяси партиясын құру; Жетісу облысындағы оқиғалар; Киевтегі

бүкіл ресейлік федеративтік кеңеске және Петроградтағы халыққа білім беру жөніндегі комиссияның жұмысына қазақтардың қатысуы туралы мәселелер еді.

1917 жылы 5-12 желтоқсанда Орынборда өткен Екінші Жалпықазақтық съезде қазақ халқы әр түрлі топтарды біріктірді. Екінші съезд алдымен қазақ автономиясын құру жіне оның үкіметін қалыптастыру мәселелеріне бірінші кезекте көңіл бөлді [6].

«Алаш» қозғалысы басшылары өздерінің басты мұраты – халқының ұлттық төлтумалығын сақтау, сонымен бірге оның тарихи мұрасын қалпына келтіріп, ұлттық санасын шыңдау деп санады. Алаш қайраткерлері халықты аман сақтауға, оны азамат соғысына байланысты елде етек алған апаттан қорғауға тырысты. Қорытындымызда Елбасының Н.Ә.Назарбаевтың мына сөзімен түйіндегенді жөн санадым «Кезінде « Алаш » партиясының жетекшілері ұсынған көптеген қағидалар күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отыр. Бұл ұлттық емес, патриоттық ұйым, алдына қойған мақсаты қазақ қоғамын бірте-бірте өзгеріп, оны осы заманға шындыққа бейімдеу еді» [7].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақ-1917ж. №223 24 наурыз
- 2 Қазақ-1917 ж №225 12 сәуір
- 3 Сарыарқа-1917ж. №2 19 маусым
- 4 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы. 1995. – 368 бет
- 5 Аманжолова Д. А. Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш. – М. – издательский центр Россия молодая. – 1994. – С. 216
- 6 Қазақстан тарихы және көне заманнан бүгінге дейін (очерк) Алматы Дәуір. – 1994 ж. – 3 06-309 бет
- 7 Сулейменова Д. Д. Алаш қозғалысы және Жаханша Досмухамедов. – Орал. – 2010. Ағартушы. 2010. – 210-214 бет.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются события Февральской революции 1917 г. в России и ее влияние на демократические движения на территории Казахстана. Особенно подчеркивается влияние революции на казахскую интеллигенцию в ее борьбе за демократические преобразования и независимости. Отмечается, что в этот период на территории Казахстана возродилось национально-демократическое молодежное движение за национальное освобождение. В этом особенную роль сыграла газета «Қазақ» и их лидеры А. Бокейханов, А. Байтұрсынұв и др. Итогом движения явился первый общий съезд казахов 21-26 июля 1917 года в Оренбурге, где поднимались важные социально-экономические и политические вопросы Казахстана. В том же году, 5-12 декабря в Оренбурге лидеры партии «Алаш» подняли вопрос об образовании национальной автономии Казахстана. Все эти национально-демократические идеи сыграли историческую роль в деле образования национальной государственности казахского народа.

RESUME

Events of February revaluation of 1917 in Russia and its influence on democracation movements at Kazaksta`s territory are considered in the article.

Influence of February revaluation in Russia on Kazakh intelligence in its stuggle tor reforms and underpendect is especially underlined.

It is underlined in the article, that period after February revaluation, national-democratic youth movement for national eideration revived at Kazakhstan`s territory. Special role in this movement was peayed by newspaper „Қазақ” and its leaders: A. Boheikhanov, A. Baitursynov and others.

The result of there is movement was the first general conference of Kazakhs 1917, on 21-26 July in Orenburg, where important sokal-economical and political Questions at Kazakhstan`s territory were raised. At the same year, on 5-12 December in Orenburg, leaders of party “Alash” have raised the question of formation of national autonomy of Kazakstan. All these national-democratic ideas played historical role in formation of nationhood of Kazakh people.

ӘӨЖ 811. 512. 122

Г. А. Аймурзина, оқытушы

Батыс Қазақстан инженерлік-технологиялық колледжі, Орал қ.

ТІЛ ДАМУЫ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Аннотация

Мақалада тіл дамыту жұмыстары арқылы білім алушылардың белсенділігін арттыру, осы мақсатта жүргізілетін жинақтау-талдау жұмыстары, оларды жүйелеу мен пайдалану, тіл дамыту жұмыстарына қойылатын талаптар туралы айтылады.

Дұрыс жоспарланған тіл дамыту жұмыстары оқыту үдерісін сапалы өткізуге, оқушылардың сөйлеу әрекеттерін (тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым) тез меңгеруіне ықпал етеді. Әрбір меңгерілген білім бойынша жұмысты тиянақты орындауға баулиды.

Түйін сөздер: қазақ тілі, тіл дамыту, оқыту үдерісі, жинақтау-талдау жұмыстары, оқушылардың сөйлеу әрекеттері, меңгеру.

Қазақ тілі пәні білім алушылардың тіл ғылымдары негізінен теориялық білім беріп қана қоймайды, тілдің күнделікті өмірде қолданылатын практикалық жағын да ескереді. Оқытушының басты міндеті – білім алушыларды сабаққа ынталандыра білу, сол арқылы әр тақырыпты жете түсіндіру. Ал сабаққа қалай ынталандыруға болады? Бұл сұрақтың бір ғана нақты жауабы бар: тек сабақ қызықты өткенде ғана. Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың жазбаша және ауызша сөйлеу тілінің дамуына, тілінің ұстарып, сөз байлығының молаюына бағытталап жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарының көптеген түрлері бар.

Сабақ жоспарында білім алушыларды үнемі ойландыратын, қандай да болса өзіндік пікір айтуына жағдай жасап, еркін шығармашылыққа жетелейтін жұмыс түрлеріне көбірек көңіл бөлген жөн. Сабақты қызықты, тартымды өткізу оқытушыдан білімділікті, қабілеттілікті, тапқырлықты, дарындылықты қажет етеді. Осы мақсаттан әртүрлі амал-тәсілдер туындайды.

Қазақ тілін оқытудың негізгі міндеті – оқушыларды ана тілінің сан қырлы иірімдеріне терең бойлату, оларды сауатты жазуға және мәдениетті сөйлеуге үйрету, дұрыс оқу, оқығанын жүйелі түрде айтуға жаттықтыру.

Әр тақырыпты өткенде оқытушы қай әдісті тиімді деп есептейді, ол өз еркінде. Өйткені оқытушы үшін ең тиімді әдіс – жақсы меңгерген, жетік білетін әдісі. Әрине, бұдан оқытушы тек бір әдісті ғана меңгеріп, басқасына көңіл қоймасын деген ұғым тумаса керек. Өз әріптестерінің озат тәжірибесінен хабардар болып қана қоймай, оны шығармашылықпен пайдалана білу – оқытушының күнделікті іс-тәжірибесінде жақсы нәтижелерге жетудің, оқу-тәрбие жұмысын жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде жүргізудің кепілі. Белгілі тақырыпты әр оқытушы әртүрлі әдіспен жүргізеді. Бұдан оқытушының өзіндік икемі, білімі, талғамы, өзіне тән педагогикалық шеберлігі байқалады.

Қазақ тілі сабақтарын жүргізу оқытушылардан көп дайындықты қажет етеді. Оқытушы еңбегінің табысты болуының қайнар көзі оқушылардың қазақ тілі мен орыс тілінің арасындағы әр қилы ұқсастықтарын, айырмашылықтарын есепке ала отырып, соларға негіздей отырып оқытқанда ғана сабақ табысты да тиімді болады. Оқу-тәрбие жұмысының негізі – сабақ. Сондықтан да сабақ тартымды, әсерлі, мақсаты айқын, қызықты және толыққанды болуы тиіс.

Оқушылардың жалпы білім деңгейінің қандай екенін білдіретін негізгі көрсеткіштің бірі – олардың еркін сөйлеп, сауатты жаза білуі. Өкінішке орай, орыс тілді мектептептерде оқитын оқушылардың арасында өз ана тілінде сауатты жаза білмейтіндер, ойын анық та түсінікті етіп жеткізе білмейтіндер жиі кездеседі.

Осындай жайттарды ескере отырып, орыс тілді мектептептерде оқытылатын қазақ тілі сабақтарын оқушылардың жазу сауаттылығын арттыруға және тіл дамытуға бағыттап өткізуге тура келеді. Сондықтан қазақ тілі сабағында естен шығаруға болмайтын негізгі мақсат – жастарды еркін, жақсы әрі жатық сөйлеуге, сауатты жазуға, айтайын деген ойын дәл жеткізе білуге баулу, ана тілінің шексіз мол мүмкіндіктері мен сарқылмас байлығын дұрыс пайдалана білуге дағдыландыру, әдемі де әуенді, үйлесімді әрі ұйқасымды сөйлесудің, сауатты жазудың үлкен өнер екендігін ұғындыру.

Осы міндеттерді шешуде бірқатар шаралар іске асырылып жатыр. Тіліміздің мәртебесі көтеріліп, ғылым тілі, қоғам тілі болып қалыптасып келеді. Қазақ тілін жүргізудің жетілген, сауатты сөйлесе білу қарым-қатынасын қалыптастыру, өз ойын жеткізе білуге үйрету қызметімен қатар, танымдық-тәрбиелік мәні де зор. Бұл пәннің көмегімен оқушыларды адамгершілікке, ұлттық психологияны таныту, қалыптастыру, қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімен таныстыру жұмыстарын жүзеге асыруға болады.

Тіл дамытудың, оқушылардың сөздік қорын дамытудың көптеген әдіс-тәсілдері бар. Олар ережелерді меңгерту, сұрақ-жауап, мәтін бойынша сабақ өткізу, қайталау әдісі, жаттығу әдісі, сөйлесу-жаттау әдістері, сөздікпен жұмыс істеу, аударма т.б.

Осы бағытта жүргізілетін күрделі жұмыстардың бір саласы – ауызекі сөйлеу тілін дамыту. Тіл дамыту жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру олардың ойлау қабілеті мен сауаттылығын арттырады. Бұл жұмыстарға төмендегідей талаптар қойылады:

1. Оқушыларға әдеби тіл нормасын игерту
2. Сөздерді орфоэпиялық нормаға сай айтқызу
3. Оқушылардың сөздік қорын молайту
4. Сөздерді өзара байланыстырып, ойды жүйелеп айтуға үйрету

Сабақ барысында оқушылардың белсенділігін арттыру үшін оқытушы тіл дамыту жұмыстарына көп көңіл бөлу керек. Оқытушы әр оқушының ауызша жауабының ерекшелігін біліп, оның қандай кемшілігі бар, оны қалай жоюға болатынын жоспарлап, оқушыға мәтіннің мазмұнын өз сөзімен айтқызу, мәтінге ауызша жоспар жасау, сөйлем құрастыру, құрастырған сөйлемін ережеге сай дәлелдеу сияқты жұмыс түрлерін жүйелі жүргізіп отыру қажет.

Сөйлеуге және жазуға үйрету бір-бірімен тығыз байланысты. Бірақ сөйлеуге үйрету жазуға үйрету үдерісінің алдында келеді. Оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыру олардың жазу дағдысын меңгеруіне дайындық жасайды.

Оқушыларды қазақ тілінде сөйлеуге үйретуді тілдің ерекше дыбыстарының орфоэпиясын меңгертуден бастаған тиімді. Дыбыстардың айтылуын үйрету жаңа сөздерді үйретумен, яғни тіл дамыту жұмыстарымен сабақтасып жатады. Бұл қазақ тілінің фонетикасын үйретудің оның лексикасын үйретумен тығыз байланысын айқындай түседі. Дыбыстардың үндесу заңдарын үйрету – қазақ тілінде дұрыс сөйлеудің ең басты шарты. Өйткені дыбыстардың бір-бірімен үндесу заңдылықтарын, сөздердің өзара байланысу жолдарын білмей тұрып, дұрыс сөйлем құру мүмкін емес.

Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың сөздік қорын дамытып, белсенділігін арттыру бағытында тіл дамыту жұмыстарының мынандай әдіс-тәсілдерін пайдаланамын:

1. Ережелерді меңгерту әдісі. Бұл әдіс бойынша фонетика, лексика, морфология, синтаксис салыстырыла оқытылады.
2. Сұрақ-жауап әдісі. Сабақта осы әдісті жиі қолдана отырып оқушылардың ойлау жүйесін дамытуға болады.
3. Сөзді және сөйлемді толықтыру әдісі. Сөздерді дұрыс құрап, оның мағынасын түсіндіру, дәптерге, тақтаға жазуды үйрету – ең қиын да күрделі жұмыс.
4. Мәтін бойынша сабақ өткізу әдісі. Бұл әдіс тарихи, ұлттық сипатта жазылған материалдарды тыңдау, есту, мазмұндап беру түрінде оқытылады.
5. Қайталау әдісі. Тіл үйретудің негізгі шарты – әрбір жаңа сөзді көбірек қайталату, сөйлетіп, жаттықтыра беру.
6. Жаттығу әдісі. Оқушылардың тілін дамытудың тиімді әдістерінің бірі. Оқушылар грамматикалық материалдарды бағдарламаға сай меңгергендерімен, жаттығу жұмыстары тұрақты жүргізілмесе, білімдері тиянақты болмайды, үйренгендерін тез ұмытып қалады. Жаттығу жұмыстары арқылы оқушылардың алған білімдері нығайтылып қана қоймайды, өз беттерімен жұмыс жасауға, ойлау қызметіне дағдыланады.

7. Сөйлесу әдісі. Сөз, сөз тіркестері беріледі, сол арқылы сөйлем құрастырылады. Бұл арқылы есту, тыңдау, дұрыс жауап беру дағдылары қалыптасады.

8. Мәнерлеп оқыту, жаттау әдісі. Сөзді, сөйлемді тақтадан, дәптерден, кітаптан дұрыс оқыта білуді меңгертуге көмектеседі. Жұмбақтар, мақалдар, өлеңдер жаттаудың да оқушылардың тілін дамытуға септігі зор.

9. Сөздікпен жұмыс істеу әдісі. Мақсатты жүргізілген сөздік жұмысы оқушылардың сөздік қорын көбейтіп, ой-өрісін кеңейтеді.

10. Екі тілде де сөйлеуді және жазуды жан-жақты үйрететін пайдалы әдіс.

Баспасөз бетіндегі материалдарды сабақ барысында пайдалану әдісінің де тіл дамытуға тигізер пайдасы зор. Баспасөз материалдарын сабақ барысында пайдаланудың мынандай тәрбиелік мәндері бар. Біріншіден, дүниеде болып жатқан өзгерістерді дер кезінде ұқтырып, оның себеп-салдарын түсіндіреді. Екіншіден, баспасөз материалдарын оқытудың білімдік мақсаты да үлкен. Бұл жұмыс оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, әлемде болып жатқан өзгерістерге сын көзбен қарауға тәрбиелейді. Сондықтан да баспасөз материалдарымен жұмыс қазақ тілін оқытуда, оқушылардың сөздік қорын дамытуда елеулі рөл атқарады. Бірақ, бірден баспасөз материалдарын оқып кету оңайға соқпайды. Ол үшін студентке ең қажетті материалдарды таңдап, көрсете білу керек.

Берілген материалдың оқушылардың білім дәрежесі мен оқу қабілетіне сәйкес келуі ескеріледі. Керекті материалды таңдап алып, онымен жұмыс істеуді мынандай кезеңдерге бөлген қолайлы:

1. Оқымай тұрып, материалдың мазмұнымен таныстыру;
2. Жеке сөздер мен сөз тіркестеріне түсініктемелер беру;
3. Мәтіннің мазмұнын түсіну үшін жеке жаттығулар өткізу.

Көптеген әдіскерлер газетті іштен оқуды тиімді деп санайды. Студенттердің берілген материалды түсінгенін тексеру үшін, мынандай жаттығулар жүргізгенде жақсы нәтижеге қол жеткізуге болады:

1. Мәтіннің негізгі мазмұнын бірнеше сөзбен әңгімелету;
2. Мәтін бойынша реферат жазғызу;
3. Мәтіннің қысқаша мазмұнын айтқызу;
4. Оқыған мәтін бойынша жоспар құрғызу.

Тіл дамыту барысында жаңа сөздермен жұмыс ерекше орын алады. Күнделікті сабақ барысында жұмыстың бұл түріне ерекше көңіл бөліну керек. Әр сабақ барысында оқушылар белгілі бір мөлшерде жаңа сөздерді меңгеруі тиіс. Жаңа сөздерді меңгерудің келесі сатысында оларды сөз тіркесі құрамында қолдану бағытында жұмыстар жүргізіледі. Осылайша, сөзді сөз тіркесі құрамында қолдануға жетелей отырып, бірте-бірте сөз тіркестерін сөйлемде қолдануға үйретеміз. Ал сөйлем жасау техникасын меңгерген оқушылар өз ойларын дұрыс айтып жеткізе алады. Одан кейін ғана ол сөздердің мәтін құрамында қолданылуы үйретіледі. Жаңа сөздерді меңгерудің келесі сатысы оларды диалогқа кірістіру болып табылады. Бұл әдіс жаңа сөздерді берік меңгеруге жол ашып қана қоймайды, оқушылардың қазақ тілінде сөйлеу дағдысының жетілуіне көмектеседі.

Қорыта келгенде, қазақ тілі сабақтары таза грамматикалық, лексикалық тақырыптарға арналмай, тіл дамытудың тиімді әдіс-тәсілдерімен ұштастыра жүргізілуі тиіс. Олар бір-бірінен ажырамай кешенді түрде жүргізілгенде ғана тіл дамыту жұмыстары арқылы оқушылардың белсенді жұмыс жасауына қол жеткізе аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Аканова Д. Х. Қазақ тілін оқыту әдістемесі / Д. Х. Аканова, А. М. Алдашева. - Алматы, 2002.

2 Жолымбетов К. Қазақ тілін оқыту методикасы. Орфографиялық дағдыны қалыптастырудың лингвистикалық-методикалық жолдары / К. Жолымбетов ; ред. С. Төлемісова. - Алматы : қазақ университеті, 1991. - 20 б.

3 Күзекова З. С. Қазақ тілін оқытудағы лингвистикалық бағдар / З. С. Күзекова // Қазақ тілі: әдістеме. – 2012. – № 2. – 12-14 б.

4 Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жж. арналған мемлекеттік

бағдарламасы. – 2001. – 7 ақпан.

5 Тұрғымбаева Э. Студенттердің танымдық қызығушылығын арттыру мәселелері // Қазақстан жоғары мектебі. – 2009. – № 1. – 23-25 б.

6 Оразбаева Ф. Ш. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. – Алматы, 2000.

7 Үрістенбекова Г. Қ. Қазақ тілін оқытуда проблемалық әдістің маңызы / Г. Қ. Үрістенбекова // Білім – Образование. – 2011. – № 1 (55). – 98-100 б.

РЕЗЮМЕ

В статье изложены пути активизации познавательной деятельности учащихся посредством развития монологической и диалогической речи, их системное использование. Рассказано о требованиях к этой работе.

Правильно организованная речевая деятельность позволяет развивать качественную грамотную речь (прослушивание, проговаривание, письмо, чтение), закреплять и обобщать знания по усвоенному материалу.

RESUME

The article describes the ways to enhance the educative activity of students through the development of monologic and dialogical speech, their systemic use. Learning about the requirements for this work.

The right organized speech activity allows to develop competent speech (listening, speaking, writing, reading), consolidate and synthesize knowledge for learning material.

ОӘЖ 81 243:37.091.31

Г. Н. Кисметова, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Г. Х. Хажғалиева, аға оқытушы

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

ШЕТЕЛ ТІЛІНДЕГІ АЙТЫЛЫМҒА КОММУНИКАТИВТІК НЕГІЗДЕ ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация

Мақалада тілдік емес жоғары оқу орны жағдайында студенттердің шетел тілінде ауызекі сөйлей білу қабілеттерін қалаптастырып, оларды дамыту ерекшеліктері жөнінде сөз қозғалады. Шетел тіліндегі айтылымға коммуникативтік негізде үйрету тілдің фонетикалық ерекшеліктерін ескерген жағдайда ғана жүзеге аса алатындығы атап көрсетілген.

Түйін сөздер: шетел тіліне оқыту, сөйлей білу қабілеттерін қалаптастыру, коммуникативтік негізі, айтылымдық әрекеттер, фонетикалық ерекшеліктері.

Қарым – қатынастың табыстылығы оған қатысушылардың өз сөзін ұғынықты да мәнерлі дәрежесіне тәуелді. Шетел тіліне оқытуда өзара түсіністік, өзара ұғыну мүмкіндігі сөйлеудегі айтылымға байланысты, сондықтан да шетел тілінде сөйлеу қызметіне оқытуды жетілдіру көп жағдайда бұл қызметтің айтылымдық негіздерін қалыптастырудың табыстылығы, жемістілігімен айқындалады.

Әдістемелік әдебиеттер мәліметтері мен оқыту тәжірибелерінің нәтижелері көрсеткендей, жоғары оқу орындарындағы шетел тіліндегі айтылымды қалыптастыруға жіберілетін уақыт пен еңбек қажетті нәтиже бермей отыр.

Әдістемелік әдебиетте қалыптастырушы айтылымдық дағдылардың төмен дәрежеде қалыптасуы мен беріктігінің сыртқы себептері талқыланған. Ол себептердің қатарында оқу сағаттарының аздығы, тілдік ортаның жоқтығы, оқыту үдерісінің техникалық құралдармен жеткіліксіз жабдықталуы факторларын атауға болады. Студенттерді айтылымдық дағдыларға машықтандыру сағаттарының көлемін ұлғайту, техникалық құралдарды тиімді пайдалану, қолдағы бар әдістемелік әдіс-тәсілдерді қолдану олардың сөйлеу тілінің айтылымдық сапасына игі ықпал ететіндігіне күмән жоқ. Алайда істің түпкі түйіні тек осыларға ғана тіреліп тұрған жоқ. Сонымен бірге айтылымдық дағдыларды қалыптастыру үдерісінің жалпы болмысын, яғни айтылымға оқыту шарттарын сөйлеудің ішкі тетіктерімен тығыз байланыста екенін ескеру қажет. Оқыту тәжірибесі көрсеткендей, көп жағдайда бұл тетіктер есепке алынбай, назардан тыс қалып жатады, яғни әдетте шетел тіліндегі айтылымға оқыту айтылымды қалыптастырудың тетіктерін ескермей фонетиканың құбылыстарды көп рет толық қайталануға негізделеді. Сондықтан да біздің пікірімізше, айтылымға оқытуды жетілдіру мүмкіндіктері білім алушылардың психофизиологиялық мүмкіндіктерін толыққанды ескеруге, оқытуда шынайы қарым-қатынастың басты заңдылықтарын модельдеуге мүмкіндік беретін коммуникативтік көзқарас қалыптастырумен байланысты [1].

Аталмыш мақалада біз коммуникативтік негізде айтылымға оқытуда шынайы қарым-қатынас заңдылықтарының қайсысын ескеру қажет екендігі және бұл мәліметтерді оқыту үдерісінде қалай қолдануға болатындығы тұрғысында сөз етеміз.

Айтылымның әрбір тілге тән акустикалық, моторлық және мағыналық қырлары бар күрделі құбылыс екендігі белгілі. Қазіргі шетел тілін оқытушы студенттердің сөйлеу тілінің айтылымдық сапасының айтылуының қандай болуы қажет екендігінен хабардар, ол оқытылып отырған фонетикалық құбылыстардың акустикалық және артикуляциялық белгілерін түсіндіріп, көрсетіп бере алады, оларды қайталап айтуға үйрете алады. Алайда шетел тілінде айтылымға оқытудың қиындығы сол – шынайы қарым – қатынас барысында дыбыстар белгілі бір тұрғыдан бір – бірімен жымдасып, өзара ықпалдасады, оларды айту сапасы сөйлем ішіндегі екпіннің таралуы мен интонацияның құрылым сипатына тәуелді. В. К. Журавлевтің атап көрсеткеніндей, фонетикалық бірліктер бір-бірін өзара толықтырып отырады, ал жалпы контексттен ажыраған кезде бос дыбысқа айналады, мән-мағынасын жоғалтады. Тіл дыбыстарының бұл өзара ықпалдасығы, олардың екпінді буын, ырғақ пен интонация белгілеріне тәуелділігі шетел тіліне оқыту бағытындағы әдістемелік ұсынбаларда қарастырылмай келеді. Осылайша, оқытуға коммуникативтік көзқарас тұрғысында шынайы қарым-қатынас үдерісінің заңдылығы боп табылатын айтылымдық бірліктер арасындағы жүйелі байланыс айтылымға оқыту барысында ескерілуі тиіс [2].

Сонымен қатар айта кету қажет, сөйлеудің акустикалық және артикуляциялық белгілерінің маңыздылығы зор, алайда олар жеке тұрып өздігінен мән-маңызға ие бола алмайды – олардың өзіндік қызметтік мақсаты бар. Сөйлеудің айтылымдық қырының қызметі қандай? Жалпы алғанда сөйлеу өзара қарым-қатынасты қолдау мен оған ықпал етуге бағытталған. Бұл жерде сөйлеудің барлық жақтары бірлесе жұмыс атқарады, алайда сөйлеу тәжірибесі көрсеткендей, тілдесім ықпалы жекіліксіз болған жағдайда сөйлеуші өз сөзін айрықша анық артикуляция көмегімен ұғынықтырақ және мәнерлірек қылуға тырысады. Бұл ретте ол сөзді ырғақтық және интонациялық тұрғыдан жақсырақ ұйымдастыруға талпынады, сөздер арасындағы кідірістерді, айқын да жоғары дыбыстауды және т.б. тәсілдерді қолданады. Бір сөзбен айтқанда, сөйлеудің айтылымдық қырларын жетілдіру арқылы ықпал етуге тырысады. Сондықтан айтылым сөз ықпалдылығының құрамы әрі алғышарты қарым – қатынас тактикасының құралы ретінде қызмет атқарады.

Шынайы қарым – қатынаста айтылымдық әрекеттің қызметтік аспектісі жетекші рөл атқарады: адам коммуникативтік мақсат - міндетке сәйкес сөйлеудің акустикалық қасиеттерін басқаруды үйренеді. Ал оқыту тәжірибесінде жағдай мүлде өзгеше: студенттер шетел тіліндегі сөйлеудің акустикалық қасиеттерін олардың коммуникативтік құндылығына емес, олардың формаларына қарап меңгереді. Бұл студенттердің сөйлеудің айтылымдық қырын меңгеруіне кедергі жасайды. Осылайша, оқытуға коммуникативтік көзқарас тұрғысында қызметтік аспектінің жетекші рөлін қамтамасыз ету қажет, яғни білім алушылар назарын айтылымның формалды белгілеріне емес, коммуникативтік құндылығына аудару қажет. Бұл ретте айтылымға оқытуды сөйлеу аппаратын тілдік ықпалдың жаңа тетіктеріне бейімдеу деп

қарастыруға болады. Бұл үдерісті ұйымдастырудың маңызды, қажетті алғы шарты – студенттердің айтылым әрекеттерін орындаудағы коммуникативтік міндетінің болуы.

Айтылымдық рәсімдеу әрекеттерін орындаудағы коммуникативтік міндеттің маңыздылығы төмендегідей: Н. И. Жинкиннің пікірінше, бірдеңе туралы айту қажеттілігі сөйлеу ағынын туғызып, мазмұнға икемделуден ғана емес, сонымен қатар бұлшық еттер мен тыныс алу режимдерінен көрініс табады. Осылайша, бірдеңе туралы айту ниетін туғызатын коммуникативтік міндет тілдік аппараттың өзіндік реттелуін қамтамасыз етеді.

Айта кету қажет, білім алушылар санасында айтылымдық рәсімдеудің сәйкесті әрекеттерінің тыңдау – моторлық эталондары қалыптаспаған жағдайда тілдік аппараттың өзіндік реттелуі мүмкін болмайды. Оларды қалыптастырудың қиындығы сол – олар көптеген тетіктердің өзара әрекетіне негізделген: дауыстың пайда болуы, дыбыстың пайда болуы, сегменттелу, интонация, тыныс алу мен сөйлеу ырғағын ұйымдастыру. Тіпті дербес бір буынды айтудың өзі сөйлеу органдарын дұрыс орналастыруды, екпінге байланысты тыныс алуды реттеуді (тоқталысқа, жаңа позицияға ауысуға байланысты) қамтамасыз етуді талап етеді. Және де бұл операциялар бір уақытта бірдей дерлік орындалып, олардың әрбірінің өзіндік ерекшеліктері бар. Әрбір жеке операцияны өзгелерден бөлек орындауға машықтану табысты болмайды, себебі олардың сөйлеуге айналуын қамтамасыз етпейді [3].

Нейрофизиологиялық зерттеулер нәтижелері аталған операциялардың өзара қарым – қатынасын түсінуге көмектеседі. Бұл зерттеулер мәліметтеріне сүйенсек, сөйлеудің туындауына адам миының екі жарты шары да қатысады, бірақ олардың әрқайсысы сөйлеудің өзіндік қырларына жауап береді: мидың сол жақ жарты шары дауыссыз дыбыстар мен дыбыс тізбектерінің, сөз құрылымдарының артикуляциялану үдерістерін басқарады, логика – грамматикалық құрылымдарды реттейді, яғни сөйлеудің тілдік нормалануын іске асырады. Бейнелі қабылдау мен ұғым-түсінікпен байланысты оң жақ жарты шар сөйлеуді ырғақтық-саздық ұйымдастыру, қисындық екпінді орналастыруға жауап береді. Адам сөз айту үшін, ең алдымен, айтылымның жекелеген сипаттарына жауап беретін екі жарты шардың нейрондық ансамбльдері қозып, қызметтік жүйеге бірігуі тиіс. Басқаша айтқанда, жекелеген айтылым операцияларының қызметтік байланысын қамтамасыз ету қажет, сонымен бірге баяндалып отырған үдеріс динамикасы төмендегідей сипатта болмақ.

Тілдік аппаратты айтылымға даярлаудың алғашқы қадамы – сөйлеу ырғағын қозғау, қоздыру. Бір жарты шардан екінші жарты шарға, олардан төменгі ми қабығына тарала келе, бұл қозу қызметтік жүйе құрап, тілдік мақсатқа қатысты барлық бағдарламаларды іске қосады. Бұл үдеріс өте шапшаң өтіп, айтылымдық даярлық қалпын қамтамасыз етеді. Тек осындай қалыпта ғана адам сөйлеуді бастайды, оның сөзінің әрбір бірлігі кейінгі, өзінен ірі бірліктердің белгілерін көрсетеді (яғни дыбыста буынның белгілері, буынды–ырғақтық және интонациялық құрылым белгілері болады және т.с.с.).

Біз сипаттап отырған үдерісті ескерудің әдістемелік маңызы бар. Психологиялық тұрғыдан бұл өз – өзіне сенімділік сезімі түрінде сезіледі. Мұндай даярлықтың жоқтығы шетел тіліндегі қарым – қатынас жағдайында ішкі, сезілмейтін қарсылықты, сөйлеуден қорқу сезімін туғызады. Осының нәтижесінде сөйлеу белсенділігі төмендейді. Мұны ескеру коммуникативтік негізде айтылымға оқытуды ұйымдастыруда қажет. Сөйлеуге айтылымдық даярлық сөйлеудің себеп – салдардық тетіктерімен тікелей байланыста.

Сөйлеудің айтылымдық тетіктерінің маңызды заңдылықтарының бірі – жоғары дәрежелі айтылым операцияларының (интонациялық, ырғақтық ұйымдастыру) төменгі дәрежеде болжамдар жасауға ықпал етеді. Жоғарыда аталғандардың негізінде коммуникативтік негізде шетел тіліндегі айтылымға оқытуды ұйымдастыруда төмендегідей заңдылықтарды ескеру қажет: а) шынайы қарым – қатынастағы айтылым бірліктерінің өзара байланысты жүйелі сипаты; ә) айтылымның қызметтік аспектісінің жетекші рөлі; б) коммуникативтік міндеттің айтылымдық сөз мәнеріне ықпалы; в) сөйлеу басындағы белгі ретіндегі айтылымдық даярлықты қамтамасыз ету; г) жоғары дәрежелі айтылымдық операциялардың фондық ықпалы [4].

Әдетте оқытушылар айтылымға оқытуды кіші айтылым бірліктерінен бастап, оларды біртіндеп ірілетіп, операцияларды күрделендіреді. Алайда бұл үдеріс жүйесі шынайы қарым – қатынастың айтылымдық әрекеттер құрылымы мен механизміне қарама – қайшы келеді: жүйенің құрамдас элементі боп табылатын белгілі бір қандай да операцияны өзге

элементтерден оқшаулап, дербес жағдайда машықтану барлық элементтер арасындағы байланыстар кешенінің бұзылуына әкеп соғады. Сондықтан да мұндай жағдайда машықтандырылған айтылымдық әрекеттер сөйлеу үдерісіне көшірілмейді. Айтылымға оқытуға деген қазіргі көзқарас шетел тіліне оқытудың практикалық бағытына сай келмейді. Бұл үдеріске қызметтік, коммуникативтік бағыт беру қажет. Сонда ғана оқыту сөйлеудің қажет әрі талап етілген дағдыларының қалыптасуын қамтамасыз етіп, шетел тіліндегі сөйлесім қызметіне оқытуды жетілдіруге септігін тигізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Исаев М. К. Фонетическая интерференция при казахско-английском искусственном двуязычии. – Алма-Ата, 1986
- 2 Журавлев В. К. Диахроническая фонология. – М., 1986
- 3 Жинкин Н. И. О теориях голосообразования // Мышление и речь. – М., 1963
- 4 Vrabel T.T. Lectures in theoretical phonetics of the English language and method-guides for seminars. – Ungvar, 2009. – 162 p.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются особенности обучения иноязычному произношению на коммуникативной основе. При обучении иноязычному общению возможность взаимопонимания связана с произносительной стороной речи, поэтому совершенствование обучения иноязычной речевой деятельности во многом определяется успешностью формирования произносительных основ этой деятельности.

RESUME

The article touches upon the problems of the English language pronunciation on the basis of communicative skills. To master a foreign language one should have a good command of the phonetic structure of the language. Afterwards he will be able to put his new language skills to use straight away, with more fluent and confident speaking abilities.

УДК 37.017.4:378

О. Н. Климова, старший преподаватель

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана, г.Уральск

ВОСПИТАНИЕ КАЗАХСТАНСКОГО ПАТРИОТИЗМА НА ЗАНЯТИЯХ РУССКОГО ЯЗЫКА

Аннотация

Статья посвящена проблеме патриотического воспитания подрастающего поколения. На современном этапе остро стоит проблема формирования казахстанского патриотизма, одного из основополагающих принципов деятельности Республики Казахстан. В статье предлагаются виды учебной деятельности, используемые на занятиях русского языка на неязыковых факультетах в целях формирования гражданственности, патриотизма, толерантности.

Ключевые слова: воспитание, гражданственность, государство, проблема, патриотизм, казахстанский патриотизм, толерантность, формирование.

Во все времена одной из актуальных проблем воспитания подрастающего поколения была проблема воспитания гражданственности, патриотизма, толерантности.

Все мы знаем значение слов «патриотизм», «гражданственность». Но этого мало, чтобы быть патриотом; надо отличать истинный патриотизм от ложного патриотизма.

Проблема патриотического воспитания подрастающего поколения актуальна и в наши дни: происходит кризис идеалов, ценностей, целей воспитания. Среди молодых людей все больше людей равнодушных, эгоистичных, с каким-то неуважительным отношением к истории государства.

Невозможно воспитать патриота своей страны, не воспитав гражданина в полном смысле этого слова.

Патриотизм – одно из наиболее глубоких чувств, которое включает и нравственные, и политические принципы, содержание которых выражается преданностью и любовью к своему Отечеству, к своему народу, гордостью за прошлое и настоящее, готовностью служить Отечеству, народу.

Мы говорим о воспитании и формировании казахстанского патриотизма. Казахский патриотизм провозглашен одним из основополагающих принципов деятельности Республики Казахстан [1].

Президент страны еще в Стратегии «Казахстан – 2030» обозначил задачи казахского патриотизма как один из долгосрочных приоритетов развития государства. Именно от постановки задачи была разработана государственная программа патриотического воспитания граждан Республики Казахстан. Поэтому гражданско-патриотическое воспитание подрастающего поколения является одной из составных частей учреждений образования: школы, средне-технических образовательных учреждений, вузов. Именно на образование, помимо передачи обучающимся знаний, возложена миссия воспитания гражданина, патриота [2].

Президентом Республики Казахстан Назарбаевым Н. А. поставлена задача войти в число 30 наиболее конкурентоспособных стран мира. А значит, развивающемуся обществу необходимы образованные специалисты, самостоятельно принимающие ответственные решения, отличающиеся мобильностью, обладающие развитым чувством долга, ответственности за судьбу государства.

В Послании Президента Н. А. Назарбаева «Стратегия «Казахстан – 2050», озвученном 15.12.12 г. в обращении к молодым казахстанцам, глава государства сказал: «Я полагаюсь на вас – новое поколение казахстанцев. Вы должны стать двигателями нового курса».

Президент страны отметил также, что «надо воспитать в себе и наших детях новый казахский патриотизм. Это прежде всего гордость за страну и ее достижения. Но сегодня, на новом этапе состоявшегося государства, такого понимания уже недостаточно. Мы должны прагматично посмотреть на этот вопрос. Мы любим страну, мы ею гордимся, если государство гарантирует каждому гражданину качество жизни, безопасность, равные возможности и перспективы. Только такой подход дает нам прагматичный и реалистичский взгляд на вопрос патриотизма и его воспитания. (...) Наши дети и внуки также должны предпочесть жить на родине, потому что это им гораздо лучше, чем на чужбине. Каждый гражданин нашей страны должен обрести чувство хозяина на своей земле» [3].

Патриотическое воспитание невозможно без таких компонентов воспитания и образования, как то гражданское, правовое, нравственное, духовное, реализуемое посредством учебных курсов, проведения внеаудиторной работы.

В реализации задач гражданско-патриотического образования большое значение имеет использование различных педагогических технологий с учетом аспекта воспитания и образования, интерактивные методики.

Воспитание патриотического мышления у молодого поколения происходит и в ходе образовательного процесса.

Казахский язык как государственный язык и русский язык как язык межнационального общения, являющиеся обязательными базовыми компонентами учебного плана, преподаваемые во всех образовательных учреждениях, играют важнейшую роль в гражданско-патриотическом воспитании.

Различные виды деятельности на занятиях русского языка обеспечивают как соответствующий уровень освоения знаний, так и определенный уровень их использования в

целом гражданско-патриотического воспитания.

Не подлежит сомнению, что каждый народ должен беречь и охранять свой язык, уважительно относиться к языкам других народов. Учитывая объективные факторы и особенности функционирования языков в Казахстане и статус русского языка как языка межнационального общения, следует иметь в виду, что уже само по себе овладение любым вторым или другим языком формирует языковое мышление, сознание, уважительное отношение к другим языкам.

Сегодня в эпоху информационного взрыва нужны такие приемы обучения, которые позволяли бы овладеть знаниями легче, быстрее и качественно. Умение непринужденного общения в реальных жизненных ситуациях – один из показателей качества владения языком.

Применение активных и интерактивных методов обучения русскому языку предполагают различные формы работы: это и поисковые, и проблемные, и диалоговые. Эти формы работы позволяют достигнуть определенного успеха в обучении языку и в то же время способствуют гражданско-патриотическому воспитанию. Эти методы позволяют студентам высказать свое мнение, суждение, подвергать все сомнению и разрабатывать новые граждановедческие взгляды.

Упражнения, формирующие навыки устной речи, должны психологически быть подобны процессу коммуникации, т.е. должны вызывать побуждение к разговору, а значит на практическом занятии по русскому языку задания представляют собой систему упражнений и текстов для развития речевых навыков, умения работать с книгой (текстом), а также использование определенного грамматического материала, направленного на коррекцию письма и произношения.

Первой темой изучаемого курса «Русский язык» является тема «Моя Родина – Казахстан». Ведь судьба человека изначально закладывается отчей землей, на которой он родился и вырос. Очень важно в данном возрасте (17-18 лет) пропустить через свое сердце то, что взял у нее, быть неравнодушным к происходящему на твоей Родине.

Все задания темы «Моя Родина – Казахстан», а это: чтение предложенного текста, ответы на вопросы, высказывания своего мнения после чтения текста, дискуссия, составление эссе - направлены на формирование гражданских позиций, воспитание патриотических чувств, любви к родному краю, познание истории и культуры своего народа.

По связному тексту о Казахстане, о городах Казахстана предлагаются задания, которые развивают как монологическую, так и диалогическую речь, тем самым происходит речевое общение, мобилизуя весь речевой опыт по теме высказывания.

Собственно на практическом занятии начинается разговор «О Родине большой и малой», который продолжается на занятиях СРСП, где студент из пассивного потребителя знаний переходит в активного, ищущего студента, приобретающего опыт творческой, исследовательской работы, во время которой происходит пополнение словарного запаса, приобретаются навыки составления правильной устной и письменной речи. На занятиях СРСП по названной теме практикуется такое задание: подготовить сообщение «Моя малая Родина». Это не только рассказ, где родился, провел годы своей жизни, но и рассказ об истории своей малой родины. Студенты с интересом ищут материал об истории создания своего города, села, аула, об истории происхождения названия данной местности, что позволяет узнать историческое прошлое своей малой родины, узнать, какие события коснулись в далеком и недалеком прошлом любимого села, города, аула. Все это является весьма эффективным средством гражданского, патриотического, нравственного воспитания.

Интересно для создания речевой ситуации такое задание: представьте себе, что вы оказались туристом и совершаете путешествие по городам Казахстана, расскажите о тех городах и местах, где вы побывали, сделайте остановку в выбранном вами городе, населенном пункте или каком-либо историческом месте любимой Родины. Неплохо было бы, если мы проследим маршрут по карте Казахстана, используя при этом видеofilмы, слайды достопримечательностей Казахстана.

Воспитание интереса к культурному и историческому наследию своего народа, развития познавательской деятельности способствует заочная экскурсия «Город моей студенческой юности». Студенты-уральцы и студенты-гости «заворожено ходят» по улицам города Уральска. Казалось бы, ты не один раз бывал в этих местах, а как много интересных исторических мест в нашем городе, городе студенческой юности. Интересна подготовительная работа заочной

экскурсии по городу. Мы мысленно проходим по главной улице города от мест основания города – Куреней по Б. Михайловской, Советской, пр.им. В.И.Ленина, пр. Достык – Дружбы. Студенты, совершая заочную экскурсию по городу с гидом и рассказчиками, почувствовали, что Уральск – это музей под открытым небом. На занятии-экскурсии обычно используются наглядные материалы: слайды, фотографии, фотомонтаж, а также зачитываются поэтические строки об Уральске. Надо сказать, что в это время мы, по возможности, посещаем народный музей «Старый Уральск».

Думается, такие задания, рассматриваемые как на практическом занятии, так и на СРСП, способствуют формированию человека с высоким чувством патриотизма, воспитанию толерантности в межнациональных отношениях, постижению культурного наследия прошлого и духовного богатства народа через знания истории родных городов, аулов, сел и даже улиц и площадей.

Считаю, что стоит задуматься о введении курса «Краеведение» для студентов специальности «Профессиональное обучение». Именно им, как специалистам-педагогам, в будущем предстоит воспитание патриотических чувств у подрастающего поколения на основе приобщения к духовным и историческим ценностям, активизации жизненной позиции и бережному отношению к родным местам.

Формированию патриотических чувств молодых людей, активизации жизненной позиции и бережного отношения к богатствам родного края и в целом Республики Казахстан, развитию научно-исследовательской деятельности может способствовать и следующая тема курса «Человек и природа». Часть материалов данной темы затрагивают экологические проблемы Республики Казахстан, Западного Казахстана и непосредственно родного края. Студентам предлагаются такие тексты, которые не могут оставлять равнодушным человека. После прочтения таких текстов студенты обычно начинают задумываться: почему так произошло? Как можно исправить? Что же будет через 5, 10 и более лет? А это и есть постановка темы и цели: Состояние окружающей среды и неравнодушный человек.

Студенты в качестве домашнего задания готовят сообщение «Экологические проблемы Западного Казахстана» на материале средств массовой информации, используя статьи газет и журналов республиканских, областных, районных изданий. Выполняя задания, студенты узнают о состоянии окружающей среды Западного Казахстана, как погибает река Урал. Задают вопрос: «Почему так происходит? Ведь выделяются средства на восстановление тех или иных ресурсов. От кого это зависит? Почему с помощью человека исчезают некоторые виды животных и рыб?» Студенты проявляют живой интерес – значит, они уже неравнодушны к тому, что происходит вокруг, значит, они думают о будущем, значит, они все-таки хозяева своей страны. А это уже немаловажно для формирования казахстанского патриотизма.

Формы работы – дискуссия или конференция предполагает активное участие студентов в учебном процессе и приемлема при обсуждении данных проблемных вопросов, а самостоятельная подготовка – это уже творческий подход к выполнению задания, в это же время происходит активизация познавательской деятельности, формируются навыки исследовательской работы.

Подготовка к конференции или дискуссии по теме «Экологические проблемы Западного Казахстана, Западно-Казахстанской области» и проведение их способствует формированию человека с гражданскими позициями, настоящего хозяина своей страны, человека неравнодушного. Остается надеяться, что в последующие годы высокое патриотическое сознание, которое необходимо для созидательной деятельности в интересах Отечества, только окрепнет.

Патриотическое воспитание в студенческой аудитории на занятиях языковых дисциплин определяет уважение к точке зрения собеседника, утверждает демократические ценности, воспитывает личность как слушателя, т.е. умение слушать и слышать, что немаловажно при ведении диалога, дискуссии или дебатов, а это и есть бережное отношение к правам человека.

Дискуссионная основа занятий способствует формированию правильной речи, выбора истины в многообразии мнений.

В курсе дисциплины «Русский язык» достаточно много речевых тем, при рассмотрении которых обращается внимание на формирование личности высокообразованной, нравственной, предприимчивой, мобильной, утверждается, что нашему обществу нужны высокопрофессиональные специалисты, самостоятельно принимающие решения, обладающие конструктивизмом, развитым чувством ответственности за судьбу страны.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Концепция образования Республики Казахстан до 2015 г. Астана, 2004.
- 2 Назарбаев Н. А. Казахстан – 2030. Процветание, безопасность, улучшение благосостояния всех казахстанцев. Алматы, 1997.
- 3 Послание Президента Республики Казахстан – Лидера нации народу Казахстана «Стратегия «Казахстан – 2050 «Новый политический курс состоявшегося государства» 14.12.2012. Астана. Аккорда, 2012.

ТҮЙІН

Мақалада өскелең ұрпақты тәрбиелеудің өзекті мәселелерінің бірі – қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мен тәрбиелеу мәселесі қарастырылған. Білім беру мен тәрбиенің азаматтық, құқықтық, рухани сияқты компоненттерінсіз патриоттық тәрбие беру мүмкін еместігі айтылған.

Автор орыс тілін интерактивті әдістерді пайдалана отырып оқыту студенттердің өз ойларын, пікірлерін айтуға, жаңа азаматтық көзқарастарының қалыптасуына мүмкіндік туғызатынын атап көрсетті.

Негізгі бөлімде орыс тілі сабақтарын өткізудің түрлі формалары туралы айтылған. Оның барысында жоғары деңгейлі патриотты адам қалыптасып, ұлтаралық қатынаста толеранттыққа тәрбиеленіп, сондай-ақ туған өлке тарихын білу арқылы халықтың мәдени байлығын меңгереді.

RESUME

The article is devoted to the problem of patriotic education of younger generation. At the present stage sharply there is a problem of formation of Kazakhstan patriotism, one of the fundamental principles of activity of the Republic of Kazakhstan. The types of educational activity used at the lessons of Russian language at not language faculties for formation of civic consciousness, patriotism, tolerance are offered in the article.

